

«Жанерке» бөбекжайы жеке мекемесі

«Бекітемін»



«Жанерке» бөбекжай- бақшасы
жеке мекемесінің меңгерушісі

Д.Б.Сыдыкова

Вариативтік компонент

«Ертегілер еліне саяхат»

«Қарлығаш» ересек тобы

2021-2022 оқу жылы

*Тәрбиешілер: Мырзатаева А.
Қоныс М.*

2021-2022 оқу жылы

«Ертегілер еліне саяхат»

№	Тақырыптары	Сағат саны	Күні
1	Тақырыбы: «Бір үзім нан » ертегісі Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттырып,создің қорын молайту . Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру . Адам өміріндегі ең маңызды ас нан екенін ұғындыру .Тіл байлығын дамыту .	1	02.09.2021ж
2	Тақырыбы: « Жыл басына таласқан хайуанаттар » Мақсаты Ертегіні айта отырып рөлмен ойнау, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге, ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы еңбек сүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелей отырып жаңа технологияны игерту	1	09.09.2021ж
3	Тақырыбы: « Құмырсқаның қанағаты » ертегісі Мақсаты : Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдалана отырып, ауыз бірлікке,ұйымшылдыққа,қанағатшыл болуға ,жақсы қасиеттерді үйренуге тәрбиелеу; тілдерін,ойлау қабілеттерін дамыту;	1	16.09.2021ж
4	Тақырыбы: « Шегіртке мен құмырсқа » мысал өлең Мақсаты: . Балалардың тіл байлығын, сөздік қорын байыту, өз ойын еркін жеткізіп, салыстыруға үйрету; еңбекшіл болуға, өзгелерді тыңдай білуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу;	1	23.09.2021ж
5	Тақырыбы: « Адасқан құмырсқа » ертегісі Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру	1	30.09.2021ж
6	Тақырыбы : « Түлкі мен торғай » ертегісі Мақсаты: Ертегінің мазмұнын әңгімелеу, ойлау қабілетін, сөздік қорын, мәнерлеп сөйлеу дағдыларын арттыру. Достыққа, ұйымшылдыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу, жағымды және жағымсыз әрекеттерді сезіне білуге, шындыққа, әділеттілікке тәрбиелеу, еңбекті бағалай білуге, сүюге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу	1	07.10 .2021ж
7	Тақырыбы: « Күшік пен мысық » ертегісі Мақсаты: Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп айтуға, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Дауыс көркемділігін дамыту балаларды үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу.	1	14.10.2021ж
8	Тақырыбы: « Қарлығаштың құйрығы неге айыр? » Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез-құлқын сезіндіру,есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру	1	21.10.2021ж
9	Тақырыбы: « Қанатты барыс » туралы аңыз Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашағы - жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін сүюге оны қорғай білуге тәрбиелеу	1	28.10.2021ж
10	Тақырыбы: « Мақта қыз бен мысық » ертегісі Мақсаты: Ертегіні мазмұнын әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету,есте сақтау қабілеттерін	1	04.11.2021ж

	қалыптастыру.Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.		
11	Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі Мақсаты: Ертегіні тыңдата отырып, қарлығаштың адамға дос құс екенін, дәуіттің адалдығын балаларға түсіндіру.Балаларды бір-біріне көмектесуге, қиналған кезде жәрдем беруге үйрету ойнату	1	11.11.2021ж
12	Тақырыбы: «Түлкі, қойшы, аю » ертегісі. Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қалыптастыру. Балаларды халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру	1	18.11.2021ж
13	Тақырыбы: «Түлкі мен қырғауыл» ертегісі. Мақсаты: Балаларға білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту, дауыс ырғағын келтіре отырып, рольдерге бөліп ойнату	1	25.11.2021ж
14	Тақырыбы: «Алтын сақа » ертегісі Мақсаты: .Қазақ ертегілеріне қызығушылығын арттыру, қиындықты ақылмен, тапқырлықпен жеңе білуге тәрбиелеу.тапқырлыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу	1	02.12.2021ж
15	Тақырыбы: «Ұр тоқпақ » ертегісі Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Халқымыздың тұрмыс – салтын, әдет- ғұрпын, нанымын, дүние танушылық көзқарасын сақтауға, жат әдеттен аулақ болуға, адал еңбек етуге тәрбиелеу.	1	09.12.2021ж
16	Тақырыбы: «Ақылды етікші» ертегісі Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіну, сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу, көркем әдеби тілде сөйлеуге, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу	1	23.12.2021ж
17	Тақырыбы: «Кім күшті?» ертегісі Мақсаты: Балаларға таныс ертегілерді еске түсіріп бекіту. Ертегілер арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету,кейіпкердің қарапайым әрекетін бағалауға,оларды әңгімелеуге, қойылған сұраққа толық сөйлемдермен жауап беруге баулу.	1	30.12.2021ж
18	Тақырыбы: «Жыл мезгілдері » ертегісі Мақсаты : Балаларды жыл мезгілдерімен таныстыра отырып, жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайлы түсіндіру	1	06.01.2022ж
19	Тақырыбы: «Алма» ертегісі Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін тереңдету , сөздік қорларын байыту.Өз қалауымен , тәжірибіесіне сүйене отырып,ертегіні саханалай білуге үйрету. Балалардың әдеби шығармаға деген қызығушылығын дамыту. Балаларды ауыз біршіліке , татулыққа тәрбиелеу	1	13.01.2022ж
20	Тақырыбы: «Ай неге жалаңаш қалды?» ертегісі Мақсаты: Балалардың ай туралы түсінігін кеңейту.Ой-қиялын дамыту	1	20.01.2022ж
21	Тақырыбы: «Алтын балта » ертегісі Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін толықтыра отырып,		

	оқыған ертегідегі ойды түсіне білуге және баланың қиялының дамуына, еңбексүйгіштікке, адал болуға тәрбиелеу	1	27.01.2022ж
22	Тақырыбы: « Әтеш пен тоты » ертегісі Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіну, өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Құстар жайлы білімін кеңейту	1	03..02.2022ж
23	Тақырыбы: Қысқы баспана » ертегісі Мақсаты: Балаларды оқылған ертегілер мазмұнын тәрбиешінің көмегімен өз беттерімен жүйелі түрде мәнерлі етіп, мазмұнын өзгертпей әңгімелей білуге, байланыстыра сөйлеуге, мінез-құлық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету	1	10.02.2022ж
24	Тақырыбы: « Нан қайдан шығады? » ертегі Мақсаты: Балаларға бидайдан нанның қалай дайындалатынын түсіндіре отырып, дастарханға жеткенше адамдардың еңбегімен және ақыл-ой белсенділігін арттырып, мақал-мәтелдер арқылы сөздік қорын дамыту	1	17.02.2022ж
25	Тақырыбы: « Бәсеке Бәйге » халық ертегісі» Мақсаты: Ертегіні сахналау. Театрландырылған әрекетті менгеру, әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалауды үйрету.	1	24.02.2022ж
26	Тақырыбы: « Дос іздеген Бота » ертегісі Мақсаты: «Дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып, достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір- бірін сыйлауға, қадірлей білуге тәрбиелеу	1	03.03.2022ж
27	Тақырыбы: « Алдар көсе мен бай » ертегісі Мақсаты: Ертегі тыңдау қабілеттерін қалыптастыру, сөздік қор байланыстырып сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Қайырымдылыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу	1	10.03.2022ж
28	Тақырыбы: Қожанасыр туралы әңгімелер. Мақсаты: Қожанасыр туралы түсінік беру. Қожанасыр туралы әңгімелермен таныстыру, түсініктерін кеңейту. Рольге бөліп орындау арқылы адамгершілік, еңбек сүйгіштік, ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттерін дамыту	1	17.03.2022ж
29	Тақырыбы: « Сауысқан мен көкек » ертегісі Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру, Туған жерін қастерлеуге, адамгершілікке, білімділікке тәрбиелеу	1	31.03.2022
30	Тақырыбы: Ы.Алтынсариннің Тазша бала ертегісі Мақсаты: Балаларды ойлау, пайымдау қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігіне, ой ұшқырлығына баулу, жамандықтан аулақ болып, адамгершілікке тәрбиелеу	1	07.04.2022ж
31	Тақырыбы: « Ақымақ қасқыр » ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беріп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу; ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу	1	14.04.2022ж
32	Тақырыбы: « Арыстан мен тышқан » ертегісі Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып таныстыру арқылы, ойлау қабілеттерін дамыту; ертегінің мазмұнын түсініп, басты кейіпкерлердің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білу, сол түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру, бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа,	1	21.04.2022ж

	шыншылдыққа		
33	Тақырыбы: «Мақтаншақ бақа» ертегісі Мақсаты: . Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету. Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	28.04.2022ж
34	Тақырыбы: «Жақсылық пен жамандық» Мақсаты: Жақсы мен жаман әдет-қылықтарды ажыратуды, адамгершілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету	1	05.05.2022ж
35	Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» ертегісі Мақсаты: Айтылған ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағына келтіре отырып, дұрыс айтуға жаттықтыру. Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту. Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеуге үйрету.	1	12.05.2022ж
36	Тақырыбы: Ерте, ерте, ертеде... Мақсаты: Өткен ертегілерді суреттер бойынша еске түсіріп, ертегі жанрының ерекшелігін, мазмұнын айтып жеткізу. Балалардың ойлауиялдау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып кішіпейілділікке, мейірімділікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу	1	19.05.2022ж
Барлығы:		36 сағат	

Күні: 02.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Бір үзім нан» ертегісі

Мақсаты: Нанның адам үшін маңыздылығы, нанның бидайдан жасалатынын, оның дастарханға үлкен еңбек нәтижесінде келетінін, дихандардың еңбегін бағалай білуге, нанды қадірлеуге, қастерлеуге тәрбиелеу. Балалардың ойлау қабілетін арттырып, сөздің қорын молайту

Адамгершілікке, кішіпейілдікке еңбекке тәрбиелеу.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы Ұйымдастырушы-ізденушілік	Ән: «Қазақы дастарханым» Балалар ән қалай аталады? Дастархан сәні, ең қадірлі асты білесіндер ме? Олай болса, «Нан- береке бастауы» демекші нан туралы тақпақтар кім біледі? Айналаға алақанмен, жылулықты шашайық. Тыныс алып, күлімсіреп, Нан туралы ертегіні тыңдайық Ертегіміздің тақырыбы «Бір үзім нан» Баяғы бір заманда бай мен кедей көрші өмір сүріпті. Олардың араздығы сондай, бірін-бірі көргісі келмейді екен. Байдың үйі кең, әдемі болыпты. Іші толған-алтын мен күміс. Ал кедейдің үйі ағаштан жасалған, төбесін бұтамен жапқан қора екен. Алтын мен күміс түгілі, нанын әзер тауып жепті. Егін егіп, оны суарып, күтіп, орып, өз күнін өзі көріпті. Бір жылы көктемде алапат су тасқыны болады. Бай алтынын көтеріп ағаштың басына шығып кетеді. Ал кедей болса, бір көмеш нанын қойнына салып, ол да ағаштың басына көтеріледі. Су тасқыны он бес күнге созылады. Бір күн қарны ашқан бай кедейге: - Әй, кедей, сен мына бір кесек алтынды ал да, маған бір үзім нан бер, дейді. - Жоқ, алтының өзіңе, нан бере алмаймын, - деп жауап береді кедей. Екінші күні бай кедейден тағы да нан сұрайды. - Алтынымның жартысын берейін, - дейді ол бұл жолы. - Жоқ, бере алмаймын, - деп бұл жолы да кедей келіспейді. Ақыры аштан өліп бара жатқан соң шыдамай, бай бір үзім нанға барлық алтынын айырбастайтынын айтады. Кедей бәрібір көнбейді. Бойынан күші кеткен бай басы айналып, суға құлап кетеді. Ал, келесі күні су тоқтап, кедей ағаштың басынан түседі. Халықтың: «Алтын, күміс – тас екен, арпа, бидай – ас екен» дейтіні орай айтылғаны екен. Сергіту сәті	«Қазақы дастарханым» нан Еліміздің құдіретін асырып тұрған Менің де, сенің де, Оның да мерейін үстем қып тұрған Ол—нан! Нан – ардақты адал ас, Кәрі -жас одан аттамас Нандай жоқ қой асыл дән, Жеп үйренген жасыңнан Дастарханнан нан кетсе, Береке кетер асыңнан Ертегі тыңдауға қызығушылығын танытады

Жетекші жөндеуші	Нан қоқымын шашпаймыз Жерге түссе баспаймыз Теріп алып қастерлеп, Торғайларға береміз Енді топ болып ертегіні құрастырайық. Ертегі мазмұнын ретімен құрастырып, баяндап береді Ертегі не деп аталады? Байдың үйі қандай еді? Кедейдің үйі қандай? Ертегіде бай неден өлді? -Ал, кедей неге алтынға нанды айырбастамады? -Неге балалар , алтын күміс тас екен ,арпа -бидай -ас екен дейді? Бұдан шығатын қорытынды не? Балалар көңілді, бақытты өмір сүруіміз үшін дастарханға келетін бір түйір нанға қаншама адамның еңбегі сіңетінін мына сурет бойынша кім әңгімелеп береді? Нан туралы мақал-мәтел білесіңдер ме? Мына тыйым сөздерді біле жүрейік 1.Нанды бір қолмен үзуге болмайды 2. Нанды төңкеріп қоюға болмайды 3.Нанды аяқ астына тастама 4.Нанды сатып алғанда таза дорбаға сал Балалар, «Егер менен әлемдегі ең асыл не» дей қалса, бөгелместен «Нан» деп жауап берер едім Өйткені,нан әлемнің жарығы күннен нұр алады, адамға күннің нұрын құяды – деген екен Сондықтанда диханшы еңбегін бағалап ,нанды қадірлеп, қастерлеуді естен шығармайық	Қиылған пішіндер арқылы ертегіні ретімен құрастырады «Бір үзім нан » бай өте бақуатты Өте кедей тұрған ішерге тамағы жоқ Өйткені бір үзім нан көптеген адамдардың өмірін сақтап қалады Хормен: Нанды кім қорлайды, Аштықтан сол сорлайды Сурет бойынша нанның келу жолын әңгімелейді - Нан болса ән де болады - Тістем нанның қадірін, ашыққанда білесің -Дастарханында наны жоқтың Тамағының дәмі жоқ
------------------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Ас атасы нанды қадірлеуді, еңбекті бағалауды

Түсінеді: пішіндер арқылы ертегіні құрастыра отырып, ертегі мазмұнын айтады

Қолданады: нан туралы тақпақ, мақал –мәтел, тыйым сөздерді біледі, ертегі мазмұнын өз ойымен айтып жеткізеді

Күні: 09.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі

Мақсаты Ертегіні айта отырып рөлмен ойнау, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге, ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету. Ертегі мазмұны арқылы еңбек сүйгіштікке, адал достыққа тәрбиелей отырып жаңа технологияны игерту

Қажетті құралдар: қуыршақ театрын көрсету

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Шеңбер құрып: Қол алысып қане біз, Достасайық бәріміз «Жақсы сөз жарым ырыс»-дейді дана халқымыз, ендеше бір –бірімізге жақсы тілектер айтайық. - Балалар, біз бүгін ертегілер еліне саяхатқа шығамыз Мен сендерге ертегілерден үзінді оқимын, сендер қай ертегі екенін тауып аласыңдар Дидактикалық ойын: «Ойлан тап» Шарты:тәрбиеші балалар білетін шығармаларынан үзінді оқиды, балалар қай шығарма екенін тауып айтады.	Достығымыз берік, деніміз сау болсын!
Ұйымдастырушы-ізденушілік	1.-Бір күні тышқан нан дүкеніне кірді. Сөреде жаңа піскен сап сары бөлкелер үйіліп тұр екен. 2.-Қарға-қарға! Досым қарғажан, маған көмек бере гөр. Балапандарымды жылан жегелі жатыр-деп зарлады. 3.-Шырылдауық шегіртке, Көгалды, қуып гөлайттап. Тамаша, балалар, ертегілерді жақсы біледі екенсіңдер - Олай болса, мына бейнефильмді көрейік Ең ерте заманда хайуандар жылдың басы болуға таласыпты. Сонда жылқы айтыпты: — Мен алысты жақын қыламын. Күшімді көреді, сүтімді ішеді, қылыма шейін арқан, жіп еседі. Адамға менен пайдалы мал жоқ, жыл ағасы мен боламын, – дейді. Түйе айтады: - Сен адамның жұмысын қылсаң, сұлы, шөп асайтын тамағың үшін құл болдың, міне, мен сен көтере алмайтын ауырды көтеріп, неше айшылық алыс жерлерге барамын. Аш болдым деп, арпа, сұлы сұрамаймын. Көде болса, көде, жусан болса, жусан, не кез келсе, соны қорек етіп, табылса, су ішіп, табылмаса, шөлде де жолға жүре беремін. Жыл басы болу маған лайық. Сиыр айтады: — Адам егін ексе, менімен егеді, сүтімді ішеді, құрт-май істейді, жыл басы болу маған лайық. Қой айтады: Мен болмасам, қазақ үйін немен жабар еді. Жүнімді алып, киіз басады, жабағымнан киім тігеді, арқан, жіп еседі. Сүтімнен құрт-май алады, шаруаға менен пайдалыларың жоқ.	Ойынға деген қызығушылық оянады. «Нан қайдан шығады» ертегісі «Қарлығашпен дәуіт» ертегісі. А. Құнанбаевтың «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін тыңдайды

	Ит айтады: — Мен болмасам, сендердің көбінді не ұрлап, не қасқыр жеп тауысар еді. Мен сендердің баршаларыңның бақташыңмын, дұшпан көрінсе, үріп, абалап, иеме хабар беремін. Тауық айтады: — Мен болмасам, кісі ерте жұмысына бармай, ұйықтап қалар еді. Мен ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтамын. Кеш болса, жатар мезгіл болды деп, тағы шақырамын. Тышқан не айтарын білмей тұрады да бір түрлі қулық ойлап, жиылған көпке айтады: — Бұл таластан еш нәрсе өнбес, жылды қарап тұралық та кім бұрын көрсе, сол жыл басы болсын. Өзгелері қарап тұрғанда, түйе өзінің бойына сеніп: «Менен бұрын кім көреді?», – деп, тышқанның сөзін қостайды. Бөрі қарасып тұрады. Біраздан соң тышқан жорғалап, түйенің өркешіне шығып отырады. Көп хайуан таласып: «Біз көреміз, біз көреміз»,—деп тұрғанда, ең биікте отырған тышқанды көріп, еш нәрсе демепті. Ертегіде жыл басы не болды? -неліктен тышқан, жыл басы болды? -Ал, неліктен басқа хайуанаттар жыл басы бола алмады? -Иә, балалар шешімді дұрыс қабылдау керек екен Сөздік жұмыс: Жаңа түйе жылқыға: сені бұлақ суымен суару керек, жабағымда пайдалы –деді.Бұлақ-мөлдір, жер астынан шығатын таза су.Жабағы- көктемде қырқып алынатын түйе мен қойдың жүні. Сергіту сәті: Саусақтарым бір-бірімен амандасайық, Саусақтардан гүл ашайық, Саусақтарды ашып-жұмып, А-Ә,Г-Ғ, Ү-Ұ, Н-Ң, К-Қ, О-Ө Дыбыстарды дұрыс айтайы «Мақал сөздің мәйегі»-демекші енді мақалды аяқта ойынын ойнайық. 1. Жылқы - малдың патшасы.... 2. Сиырдың сүті.....	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі Тышқан болды Тышқан сабырлы, ақылды, шешімді дұрыс қабылдады. Басқа хайуанаттар ақылға емес өздерінің денесіне, күшіне сеніп асықпай жүріп жыл басы бола алмады. Қимылмен көрсетеді түйе — малдың қасқасы тілінде
--	---	---

Жетекші жөндеуші	3. Төлден мал өседі,... 4. Ат-адамның қанаты,... Өздерің түсініп айтқандай әр жануардың өзіндік ерекшелігі, адамға өзіндік пайдасы бар екен. Бүгінгі ертегіміз ұнады ма? «Жыл басына таласқан хайуанаттар» -деген ертегіні үйге барғанда ата-әжелеріңе, достарың әңгімелеп беріңдер. Ертегі сендерге ұнады ма? Не ұнады? Не үйрендіңдер?	шыбықтан тал өседі ас адамның қуаты Балалар сұрақтарға жауап береді
---------------------	--	---

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Ертегі кейіпкерлерінің қандай пайдасын біледі, диалогты сөйлейді мәнерлеп айтуды

Түсінеді: сұраққа толық жауап беру керектігін

Қолданады : ертегілерді біледі, атайды. Рольге еніп ойнайды толық жауап беруді

Күні: 16.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: « Құмырсқаның қанағаты » ертегісі

Мақсаты : Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдалана отырып, ауыз бірлікке, ұйымшылдыққа, қанағатшыл болуға, жақсы қасиеттерді үйренуге тәрбиелеу; тілдерін, ойлау қабілеттерін

дамыту;

Көрнекілігі: сюжетті суреттер

Іс-әрекет кезеңдері		Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар, менің жұмбағым бар. Шешуге дайынсыңдар ма? Жұмбақ 1. Бір балуан, өзі күшті қайраты мол, Өзінен үлкен затты көтерер ол. Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе, Қайқандап аса берер бәрінен ол. 2. Елек-елек тарым бар, Көтере алсаң бәрін ал. Балалар, қанағат деген ұғымды қалай түсінесіңдер? Қанағат сөзін айтқанда сендерге қандай ой келеді? Ендеше, «Құмырсқаның қанағаты» ертегісін тыңдауға шақырамын	Жұмбақтың шешуі: құмырсқа құмырсқаның илеуі	
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Құмырсқа жер шарында кеңінен таралған. Денесі бас көкірек және құрсақтан тұрады. Көкірек бөлімі жіңішке, онда үш жұп аяқтары бар, құрсақ бөлімінде шаншары мен улы бездері жақсы дамыған. Құмырсқалар көбіне топталып арнайы илеу жасап, тіршілік етеді. Әрбір илеуде аталық, аналық, жұмысшы құмырсқалар болады. Құмырсқадан алынатын дәрілер буын ауруларын, қант диабетін емдеуде, қан қысымын реттеуде қолданылады. Құмырсқа азығын жазда жинайды. Құмырсқа қанағаты Ертеде бір оқымысты болыпты. Ол барлық халықтың, жан-жануардың, жәндік, өсімдіктің тілін түгел біледі екен. Бір күні ғұлама бақ ішінде келе жатып, құмырсқаның илеуіне тап болады. Қарап тұрған біреуі жоқ: бір тобы індерін кеңейтіп жатыр, бір тобы нән құртты сүйретіп келеді, енді біреулері күзет қорықта жүр, ал ана біреуі басқа илеуден ұшырасқан құмырсқамен алысып жатыр. Әлгі адам бір құмырсқаны ұстап алады да: – Сенің басың неге үлкен? – деп сұрайды. – Ақылым көп. – Құйрығың неге үлкен? – Қайратым көп. Өзімнен қырық есе ауыр жүкті көтере аламын. Қайратымды құйрығыма жинамасам, ауыр жүкті көтергенде, тоңқалаң асар едім, – дейді. Құмырсқа:	Қанағат-барға риза болу, үнемдей білу, жоққа шыдау қарын тойғызады ең асыл қасиет	Ертегіні тыңдайды

Жетекші жөндеуші	– Ал сенің ішің неге жіңішке? – Қанағатым көп. – Жарайды, - деді оқымысты. – Ақылың мен қайратыңның көп екеніне көзім жетіп тұр. Енді қанағатыңның қандай екенін білейін. Егер саған бидайдың бір дәнін берсем, қаншаға жеткізер едің? – Бір жылға жеткізер едім, – депті құмырсқа. – Оқымысты құмырсқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды. Бір жыл өткен соң сауытты алып қараса, құмырсқа бір қырынан бүк түсіп, қимылсыз жатыр екен. Қасында бидай дәнінің жартысы қалыпты. Әрі-беріден кейін бірте-бірте мұртын, аяғын қимылдатады да, құмырсқа орнынан тұрады. – «Бір дән маған бір жылға жетеді» деп едің. Жыл өтті, ал сен дәннің жартысын ғана жепсің. Оның қалай? – деп сұрады оқымысты. – Иә ... ол дәнді бір жылда жеп бітірсем, қазір менің халім әлде қайда жақсы болған болар еді. Бірақ сен бір жылдан кейін мені босатуды ұмытып кетсең, онда мен бостан-босқа аштан өлген болар едім. Сол себепті бір жыл бойы жарты дәнді қанағат қылдым, – деп жауап береді құмырсқа. – Егер босатуды ұмытып кетсем, қалған жарты дәнді қанша уақытқа жеткізген болар едің? – Төрт-бес жылға жеткізген болар едім, –депті құмырсқа. Сергіту сәті Ұзын мұртты құмырсқа Келе жатты жұмысқа Допты алып қолыма Қойдым оның жолына Оң жағына қарады Сол жағына қарады Тау екен деп ойлады Мақал- мәтел: « Қанағат қарын тойғызар » Құмырсқа қандай? Не істейді? Құмырсқа неге жатады?	еңбекқор, үнемшіл Еңбектенеді, тынымсыз қозғалыста жүреді Жәндікке
------------------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: ертегі арқылы бірлікке, ұйымшылдыққа, қанағатшыл болуға, жақсы қасиеттерді үйренуді

Түсінеді: Құмырсқа туралы түсінік қалыптасты

Қолданады: еңбек, қанағат туралы мақалдарды есте сақтап айтуды, сұраққа

Күні: 23.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Шегіртке мен құмырсқа» мысал өлең

Мақсаты: Балалардың тіл байлығын, сөздік қорын байыту, өз ойын еркін жеткізіп, салыстыруға үйрету; еңбекшіл болуға, өзгелерді тыңдай білуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу;

Көрнекілігі: А.Құнанбаев, И.В.Крыловтың суреттері, атрибуттар

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	2. Қызығушылықты ояту. - Балалар қандай жыл мезгілдерін білесіңдер? - Жаз дегенде көз алдарыңа нелер елестейді? - Күз дегенде ше? - Енді осы айтылған жыл мезгіліне байланысты сөйлем құрастырайық. Көктем:	Сұрақтарға толық жауап береді
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Қыс: Жаз: Күз: Ой шақыру. Жұмбақтар шешу 1. Ат басты, Арқар мүйізді. Бөрі кеуделі, Бөкен санды 2. Ине бел, қылқа мойын, қара батыр, Қара тауды арқалап бара жатыр. - Енді осы шегіртке мен құмырсқа туралы не білеміз? - Бүгін осындай кейіпкерлермен орыс жазушысы И.Крыловтың мысалында танысамыз. - Мысалды аударған қазақ халқының ақыны, жазушы А.Құнанбаев «Шегіртке мен құмырсқа» Шырылдауық шегіртке Ыршып жүріп ән салған. Көгалды қуып гөлайттап, Қызықпен жүріп жазды алған. Жаздыгүнгі жапырақтың Бірінде тамақ, бірінде үй, Жапырақ кетті, жаз кетті, Күз болған соң кетті күй. Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ, Өкінгеннен не пайда? Суыққа тоңған, қарны ашқан Ойын қайда, ән қайда? Оныменен тұрмады, Қар көрінді, қыс болды.	табиғат оянады, егін егіледі; аяз, суық, боран; жазғы демалыс, жасыл табиғат, жеміс-жидек егін, жеміс піседі, ағаш, шөп қурайды Шегіртке Құмырсқа далада тіршілік ететін жәндік Мысал өлеңді қызыға тыңдайды

Жетекші жөндеуші	Сауықшыл сорлы бүкшиді, Тым-ақ қиын іс болды. Секіру қайда, сүрініп, Қабағын қайғы жабады. Саламда жатып дән жиған Құмырсқаны іздеп табады. Селкілдеп келіп жығылды, Аяғына бас ұра: = Қарағым, жылыт, тамақ бер, Жаз шыққанша асыра! Мұның, жаным, сөз емес, Жаз өтерін білмеп пе ең? Жаның үшін еш шаруа Ала жаздай қылмап па ең? Мен өзіндей шаруашыл, Жұмсақ илеу үйлі ме? Көгалды қуып, ән салып, Өлеңнен қолым тиді ме? Қайтсін, қолы тимепті, Өлеңші, әнші есіл ер! Ала жаздай ән салсаң, Селкілде де, билей бер! Венн диаграммасын салып, шегіртке мен құмырсқаның дара, ортақ қасиеттерін айтады Мадақтау, қорытындылау	Суретке қарап, шегіртке мен құмырсқаның ұқсас жақтарын айтады
------------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: ертегі арқылы еңбексүйгіштікке, жалқаулықтан аулақ болуға

Түсінеді: Құмырсқаның еңбекқор екенін

Қолданады: ролге бөлініп ойнайды, дауысын, қимыл іс-әрекетін орындайды

Күні: 30.09.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Адасқан құмырсқа» ертегісі

Мақсаты: Таныс сюжеттер бойынша ертегілерді драмалау, достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыру.

Көрнекілігі: үстел-үсті театры,

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы Ұйымдастырушы-ізденушілік	-Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? -Күз айларын атаңдаршы балалар? -Күздің тағы қандай ерекшеліктерін білесіңдер? -Балалар аулаға шыққан кезде жоғарыдан, төменнен нелерді байқайсыңдар Бұлар табиғаттың бізге берген сыйы, екен балалар. Мен сіздерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, кім жауабын тез айтады? Жұмбақ : Қиналып көтеріп,өзінен ауырды. Жорғалапкетеді,жүкшідей кәдімгі. Балалар,бүгін біз «Адасқан құмырсқа» ертегісімен танысатын боламыз Баяғыда бір құмырсқа өзінің бауырластарына өкпелеп,өз илеуінде тобынан бөлініп, сол маңдағы ара, қоңыз секілді жәндіктермен дос болыпты. Жем іздеп шыққан құмырсқа жол үстінен бір дән тауып алыпты. Жалғыз өзі әрі-бері әуреленіп, дәнді орнынан қозғалта алмапты. Сонан соң көмек сұрау үшін әлгі қанатты достарын іздейді.Бір уақытта гүлден-гүлге қонып, шырын жинап жүрген араға жолығады– Досым, бір дән тауып алып едім, жалғыз өзім көтере алмағаным. Маған көмектесіп жіберші, – деп өтінеді. – Көрмей тұрсың ба, мен де жұмыс істеп жатырмын ғой, – деп, ара көнбей қойыпты. Солайы солай ғой, мейлі деп, құмырсқа әрі жүріп кетіпті. Ол енді қоңызды тауып алады.Ол мән-жайды айтып, көмек сұрапты.– Сен үшін өз еңбегімді еш қыла алмаймын, – деп, қоңыз ызыңдап ұшып кете барады.Достарынан күдер үзген құмырсқа мұнайып қайтып келе жатады. Жолда өзінің илеулестерімен ұшырасып қалады. Олар мұның түрін көріп:– Не істеп жүрсің? – деп, жөнін сұрайды.Жалғыз құмырсқа өзінің басынан кешкенін айтып береді: – Жалғыздық деген сол, – деп, илеулестері жұбатады да құмырсқаның дәнін көтерісіп, әрі алып кетеді. Құмырсқа үйіріне қайта қосылады. «Жаңа достың қадірі ескі досқа жетпейді» деген екен сонда бір кәрі құмырсқа.	Сұрақтарға жауап береді Аспаннан құстардың ұшқанын, жерден адамдар, жануарлар жәндіктерді көреміз Құмырсқа

Жетекші жөндеуші	Дидактикалық ойын: «Құмырсқаның илеуіне жолды тап» «Досы көпті, жау алмайды» “Әрқашан тілектес, досыңа көмектес” деген мақал осыдан қалған екен Ертегі қалай аталады? -Құмырсқаға бал ара мен қоңыз көмек көрсетті ме? -Құмырсқа қандай жәндік? -Көрдіндер ме,балалар,құмырсқаның өз илеуіндегі достары бір-біріне көмек көрсетіп,осындай ауыр сәтте қиындықты бірге жеңіп шықты. Ендеше, сендер де, балалар,бір-бірлеріне мейірімді,қайырымды болып өсулерің керек.	Сызба арқылы құмырсқаның илеуін табады Мақалдың мазмұнын түсініп, есте сақтайды Жоқ Еңбекқор, қанағатшыл
------------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: әңгіменің мазмұнын түсініп айтуды ;

Түсінеді: өз ойларын еркін айта білуі;

Қолданады: адамгершілік,мейірімді қасиеттерді бойларына сіңіріп, көмектесу арқылы бір-біріне жақсылық жасай алатынын біледі

Мақал - мәтелдер, жаңылтпаш, жұмбақтар.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Ерте, ерте, ертегі, Ертегі сыр шертеді, Ертегіні жақсы айтқан бала Мақсат – мұратына жетеді. Балалардың қызығушылығын ояту арқылы, «Миға шабуыл» стратегиясы; Балалардан ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? Түлкі туралы қандай ертегілерді білеміз? Балалар бұрын естіген түлкі туралы хикаяларды атап береді.	Балалар тыңдайды «Түлкі мен тырна», «Түлкі мен ешкі», «Түлкі мен құмыра» ертегілері.
Ұйымдастырушы-ізденушілік	«Ойлан, тап» стратегиясы; Кел, балалар, ойнайық, Ойнайық та, ойлайық, Қандай жұмбақ болса да, Шешпей оны қоймайық. 1. Өзі айлакер, қу. Жүрген жері айқайда шу. 2 Алдайды, арбайды, Қуланады, сұлуланады Ертегінің тақырыбына көңіл аударамын «Түлкі мен торғай» » сөзі қандай дауыс ырғағымен, қандай көңіл - күймен айтылатынына назар аударамын. «Түлкі мен торғай» Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі бірігіп егін егіпті. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқып, дән сеуіпті. Егін өте жақсы шығады. Торғай мен тышқан бітік өскен бидайды жинап алып, тең бөлісе бастайды. Бір бидай артылып қалады. Соны қайсысы аларын білмей, ақыры жанжал басталады. Торғай тұмсығымен шоқып, тышқан тырнағымен тырналай оскылап, бір-бірімен ұзақ төбелеседі. Маңайында арашалайтын ешкім болмаған соң, бір кезде шаршап барып тоқтайды. Ақыры өздерінің билеріне барып жүгінбек болады. Алдымен тышқандар биіне келеді. Тышқандар биі: — Бұл бидайды тышқан алуға тиіс. Өйткені тышқанның күші көп. Ол тырнағымен жер жыртып, ұртымен бидай септі, – дейді.	Жауабы:Түлкі Қимылмен көрсетеді Суретке қарап, ортақ қасиеті мен ұқсастықтарын табады Түлкі айлалы аң, айлалы аңға айла пайдалан

Жетекші жөндеуші	Бұған торғай келіспеген соң, тышқан екеуі торғайлар биіне келеді. Торғайлар биі: — Бұл бидай торғайдікі. Себебі торғай егінге түскен барлық құртты құртқан. Күнде үстінде ұшып жүріп, егінді күзеткен, – дейді. Бұған да келісе алмаған соң, торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға барады. Шал дәнді алып, екеуіне тең бөліп береді. Бұған торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді. Сергіту сәті: Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп, қонғайсың, Шашқан нанды шоқысаң, Сонда суықтан тоңбайсың. Түлкі, түлкі қутындайсың, Айналаңнан тың тыңдайсың, Құлығыңды асырсаңда, Қасқырдан сен құтылмайсың. «Венн диаграммасы» - стратегиясы. Суретпен жұмыс, түлкі мен торғайды салыстыру арқылы, ортақ қасиеттері - мен, ұқсастықтарын, айырмашылықтарын айтқызу. «Кубизм»- стратегиясы. Кубиктің әр қырларына тапсырмалар берілген. Кубикті тастау арқылы, тап - сырманы орындау. Жаңылтпашты жаңылмай айт. Түлкі айлалы аң, айлалы аңға айла пайдалан. Мақалды жалғастыр. Еңбектің наны тәтті,..... 2) Досы көпті жау алмайды,..... Жабайы жануарларды ата. Қарама - қарсы сөздерді тап.(Антоним). Еңбекқор – Батыр- Көп - Үлкен Сұрақтар: - Түлкі не істеді? Оның жасаған әрекеті қандай? Ал, торғайдың әрекеті туралы не айтар едіңдер? Досына солай етуге бола ма? Қайсысына аяушылық білдіруге болады? Ит қандай әрекет жасады? Нағыз дос деп нені айтуға болады? Сіздер қалай істер едіңіздер?	Жалқаудың жаны тәтті Ақылы көпті дау алмайды түлкі, аю, арыстан, қасқыр, жолбарыс жалқау қорқақ аз кіші ертегіге қатысты сұрақтарға жауап береді
------------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: еңбекті бағалай білуді, сүйуді, еңбекқорлыққа, ертегінің мазмұнын әңгімелеуді

Түсінеді: жағымды және жағымсыз әрекеттерді

Қолданады: ертегі мазмұнын мәнерлеп айтуды, берілген түрлі тапсырмаларды қызығушылықпен орындауды

Күні: 14.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: « Күшік пен мысық » ертегісі

Мақсаты: Балаларды ертегіні рөлдерге бөліп айтуға, сөздерді буынға бөлуге үйрету. Дауыс көркемділігін дамыту балаларды үй жануарларын қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Күшік пен мысықтың құрастырма суреті /пазл/,

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Балалар асықтарды таңдап алып отыра қойыңдар. Құрастырманы құрастырып ненің суреті шыққанын табайықшы. -Ал сендердің үйлерінде мысық пен күшік бар ма? -Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер, олар қандай тамақ жейді? -Ал сендердің күшіктерің қандай дыбыс шығарады? Демонстрациялық құралмен жұмыс Тақтаға күшік пен мысықтың суреті ілінеді. -Балалар, сендер ненің суретін көріп тұрсыңдар? -Күшіктің анасын қалай атаймыз? -Ит деген сөз неше буыннан тұрады. -Балалар дауысты дыбыс жеке бір буынды құрайды.	Түрлі асық таңдап топқа бөлініп отырады. Күшік пен мысықты құрастырады./Пазл/ Үйінде бар балалар айтады. -Мен мысығымға сүт беремін.Ал күшігім етті жақсы көреді. -Мен өзімнің мысығымның дауысын саламын. Ол «мияу-мияу» деп дыбыстайды. Менің күшігім «әуп-әуп» деп үреді. -Күшік пен мысықтың суретін көріп отырмыз. -Күшіктің анасын ит деп атаймыз. -Ит-сөзі бір ғана буыннан тұрады.

Ұйымдастырушы-ізденушілік	-Ал мысықтың баласын марғау деп атаймыз. -Марғау сөзі неше буынға бөлінеді? - Енді осы күшік пен мысыққа ат қойындаршы. -Ақтөс пен мамық сөздері неше буыннан тұрады? Ал, мына кубикпен ойнай отырып суретті атап буынға бөлеміз -Қазір күшік пен мысық әңгімесін мәнерлеп оқып беремін. «Күшік пен мысық» -Қарны ашқан күшік қаңғып жүріп тауда қасқырға кезігеді. -Ей, күшік мен сені жеймін,-дейді қасқыр. - Қой, жеме мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің –дейді күшік. -Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер,-дейді қасқыр. Екеуі бір топ сиырды көреді. -Күшік, менің көздерім,құлақтарым, аузым, құйрығым қандай?-дейді қасқыр. -Көздерің қып-қызыл, екі құлағың жымыған, ауызың арандай ашылған, құйрығың жас шыбықтай майысып тұр. Қасқыр: -Енді маған қара,-деп бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, күшікті де тойғызады, өзі де тояды. -Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол!-деп кетіп қалады. Іші пысқан күшік мысыққа кездеседі. -Мысық мен сені жеймін,-дейді. -Мені тойдыр күшік. - Жарайды, менімен бірге жүр,-дейді күшік. Екеуі бір топ жылқыны көреді. -Мысық маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? Көзің бозарып, құлағың сылпиып, құйрығың салпақтап тұр. Күшік: -Қара маған не қыларымды?-деп жылқыға жабыса кетеді. Жылқы маңдайынан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда мысық: -Әй, мақтаншак, әліңе қара, сен қасқыр бола алмайсың,-дейді. Ертегі мазмұнын сұрау. -Балалар сендерге ертегі ұнады ма?	Қолдарын шапалақтау арқылы көрсетеді. Балалар марғау деп қайталайды. -Марғау сөзі екі буынға бөлінеді. -Күшікті «Ақтөс» деп ал мысықты «Мамық» деп атаймыз. -Ақ-төс, ма-мық сөздері екі буыннан тұрады. Балалар ертегіні көңіл қойып тыңдайды.
---	---	--

Жетекші жөндеуші	-Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші? -Күшік келе жатып неге жолығады? -Қасқыр не дейді? -Күшік не дейді? -Екеуі келе жатып нелерді көреді? -қасқыр нені жейді? -Тойған қасқыр күшікке не дейді? -Іші пысқан күшік неге жолығады? -Мысыққа не дейді? -Мысық не дейді? -Күшік жолда нелерді көреді? -Жылқыға күшіктің шамасы келе ме? -Міне, балалар, «әлің білмеген әлек» деген осыдан қалған екен. -Енді осы ертегіні рөлдерге бөліп сахналайық. Сергіту сәті: Керіледі мысық, Көзін жаймен қысып, Жүгіреді күшік, Аула ішін кезіп. Билингвальды компонент: күшік- щенок-, мысық-кот Марғау- мысықтың баласы. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып олардың қай ертегіден екенін тап?» Ойын шарты: ертегі кейіпкерлерін қандай ертегіде кездесетінін айту. Балалар сендер қандай ертегі сахналадыңдар? -Ертегідегі кейіпкерлерді атаңдаршы? Балаларды мадақтап, қорытындылау	иә, ұнады. -күшік, мысық, бұзау, жылқы, қасқыр. қасқырға -сені жеймін дейді. -жеме алдымен тойдыр дейді. -сиырларды көреді. -бұзауды жейді. -кете бер сені жемеймін дейді. -Мысыққа сені жеймін дейді. -мені тойдыр –дейді. -жылқыларды көреді. -жоқ шамасы келмейді. Балалар рөлдерге бөліп сахналайды. Өлең мазмұнына сәйкес қимылдар жасайды. Балалар қайталайды. ертегі кейіпкерлерінің қандай ертегіден екенін табады. Күшік пен мысық ертегісін. -Қасқыр, күшік мысық, жылқы.
------------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Ертегіні сахналап, ертегі кейіпкерлері атауларын буынға бөлуді.

Түсінеді: Ертегі мазмұнын, бір буында бір дауысты дыбыс болатынын.

Қолданады : Жануарлардың дауыс ырғағын келтіріп, олардың жүрістерін сала білу дағдыларын.

Күні: 21.10.2021ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі

Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез-құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.

Әдістері: сұрақ-жауап, сахналық көрініс, машықтық іс-әрекет

Көрнекілігі:ертегі суреттері,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Балалар, ертегілер еліне саяхат жасауға дайынсыздар ма?!. Ертегі арқылы жақсы мен жаманды, ақымақ пен дананы айырып, армандауға, қиялдауға үйренсек, ой-өрісіміз де кеңеймек. Бүгін біздер халықтың асыл қазынасы ертегілер еліне саяхат жасамақпыз. «Кім тапқыр?» ойынын ойнату . Әр ертегіден суреттерге қарап, ертегіні жалғастырып айту керек.	Ертегі елінде жақсыдан үйреніп, жаманнан аулақ боламыз деп, ертегілер еліне баруға көңіл күйлерін білдіреді
Ұйымдастырушылық ізденіс	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін тыңдау. Күндердің бір күні Жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға мынадай арыз айтады: — Мені Тәңірім сендердің бәріңнен кем жаратыпты. Аяқ-қолым жоқ. Басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым. Не жеп, не қоярымды да білмеймін. Сендердің бәрің бір бүтін тілдісіңдер, ал мен айыр тілдімін. Ойлап отырсам, жанды мен жансыздың ішіндегі сорлысы мен екенмін. Маған ешқайсыңның жәрдем еткілерің келмейді. «Сен қасіретті көп тарттың, ондайлар әрдайым әділ келеді, сен барлығымызға патша да бола аласың» деп, сөзбен болса да жұбатып кетпейсіңдер, – деп, ол екі көзінен қанды жасын сорғалатып, ағыл-тегіл жылайды. Жанды-жансыздың барлығы жыланға аяныш білдіріп, өкпесін орынды көреді, «қарасың деп шықпайтын, қара қылды қақ жарған, ақ жүрек ақылшымыз болар» десіп, өздеріне патша етіп сайлайды. Жыл артынан жыл, күн артынан күн өтіп жатады. Күндердің күнінде Жыланекен: «Бүкіл әлемге патша болып, барлық билікті өз қолыма алсам, бұдан да жақсы тұрар едім. Көзіме көрінген тамақты ішпей, дүниедегі жандылардың ең	Суреттер арқылы ертегілерді атап, ертегіні айтады Ертегіні тыңдайды

тәтті қандысын жер едім», – деп қиялдайды. Қан дәмін айыра алатындарды шақыртады. Қос қанатын делдитіп, аяқтарын шілтитіп, қуарып Шіркей, тұмсығын едірейтіп Маса, патшаның көңілін табам деушілердің бәрі келеді. Патша осылардың ішінен Шіркей мен Масаға:

— Жер жүзін аралап, өсімдіктердің дәмін татып, жанды-жансыздың қанын сорып қайтыңдар, тек бұлар ғана емес, қаттыдан тастың, жұмсақтан топырақтың да дәмін алыңдар. Дүниедегі ең тәтті зат бұдан былай менің тамағым болатындай етіндер, – деп, уақыт кесіп, бүкіл әлемді шарлатып жібереді. Күн артынан күн өтіп, патшаның кесіп берген мезгілі де жетеді. Шіркей әлсіздігінен жел болса, шөптің түбіне қашып тығылып, тымықта ыңылдап ән салғансып жүріп, кешігіп қалады. Ал Маса өсімдік пен жандылардың ең тәттісін біліп алып, патшасына қарай әуелей ұшып, әндетіп келе жатқанда, Қарлығаш кез болады.

— Иә, Маса досым, патшамызға ең тәтті тамақ іздеп кетті деп естіп едік, таптың ба? Маса Қарлығашты менсінбей, сұрағына жауап қатпай, зулай жөнеледі.

— Ә, ә, түсіндім, түсіндім! Жолың болып, іздегенінді тапқан екенсің, достым... Азаматсың өзің! Сенің ептілігіңді, еш нәрседен тайынбайтын бір беттілігіңді білгемін. Осы қасиетіңді енді барлық қанаттыларға айта жүретін боламыз, – деп, Қарлығаш Масадан сыр тарта, мадақтай сөйлейді. Бұл мақтауға Масаның есі шыға мастанып:

— Патшамыздың тамағына кімді тапқанымды білесің бе?

— Е, Маса досым, мен не білуші едім? Сізден денемнің үлкендігі болмаса, ақылым аз емес пе?! Сіз патшаның ақылшысысыз. Кәне, төрем, айтыңызшы, ардақты патшамыздың тамағына кімді таптыңыз?

Маса еліре түсіп: —

Дүниеде патшамызға лайықты ең тәтті тамақ адам қаны екен. «Ім... Адам сияқты ақылды да айлалы жан домаланған сілімтік жарымжанға жем болып қала ма» деп, қарлығаш бір амал ойлайды. —

Менің ақылымның қысқалығы осы емес пе, Маса төрем! Адамның қаны тәтті дегеніңізге сенер-сенбесімді білмей келем. «Дүниеде тәтті қанды тауып, дәмін татқанның тіліне алтын мөр түсіп қалады» деп, шешем көп айтушы еді. Кәне, тіліңізді шығарып, мөріңізді көрсетіңізші! Алтын мөрге көз салғанның өзі біз үшін үлкен бір медеу ғой. Бұл мақтауға елірген ессіз Маса:

— Көрсен, көре ғой, байғұс! – деп, тілін ұсынады. Қарлығаш шап беріп, Масаның тілін жұлып алғанда, ол сөйлей алмай, ыз-ыз етіп, патшасы Жыланға қарай ұша жөнеледі. «Қош, тілің жұлынды. Аузыңа

Жетекші-жөндеуші	күм құйылды. Адамның қанының тәттілігін енді қалай түсіндірер екенсің?» деген оймен Қарлығаш артынан ұшады. Маса бірдемелерді айтқысы келіп, ыз-ыз етіп зар қағады. Бірақ еш нәрсені түсіндіре алмайды Жыланға. — Мұның тілі аузынан түсіп қалған ба, немесе жынданған ба? Мынаның не деп тұрғанын түсінгендерің бар ма? – деп, Жылан тұрғандарға қарайды. — Өте түсінікті, патшам! – дейді Қарлығаш сонда. — Түн көрмей кетейін, бірдеңе ұқсам, кәне, түсінсең айтшы, не деп тұр? — Ызындап ұшып жүріп, бүкіл әлемді араладым. Бірақ неше түрлі өсімдікті өзі өсіріп шығарған топырақтан басқа еш нәрсені таппадым, - дейді патшам! Тілі сөйлеуге жарамаса да құлағы сау Маса мұны естігенде, жаны шығып кете жаздайды. Ол ызындап кеп, Қарлығашқа екі-үш рет тиіседі де Жыланның алдына барып жылап жібереді. — Ә, ә, мұның тіліне бір пәле қылған сен екенсің ғой, – деп, Жылан Қарлығашқа атылып кеп кетеді. Қарлығаш ұша жөнеледі. Жылан ұша жөнелген Қарлығаштың құйрығын ғана тістеп қалады. Жылан содан былай топырақ жалап, ал Маса ызылдап қалады. Адам жыланды көрсе өлтіріп, басын езетін болады. Қарлығаш жыланнан қорқып, адамды дос тұтып, үйдің төбесіне ұя салады, бірақ оның құйрығы кем, екі айырық, болып қалады. - Ертегілер елі сендерге ұнады ма? - Біз тамашалаған ертегі қалай аталады? - Ертегідегі қай кейіпкер ұнады? -Айдаһар қандай? -Маса не істеді? - Қарлығаштың құйрығы неге айыр болған? - Бұл ертегіде қарлығаш қандай екен? - Сендер де сол қарлығаш сияқты мейірімді, батыл болғыларың келеді ме? - Бұл ертегіден біз не үйрендік? Дұрыс айтасыңдар балалар, кіп - кішкентай қарлығаш өзінен қанша үлкен айдаһардан қорықпай оған қарсы шығып, зұлымдықты болдырмай жеңіп шықты. Сендер де, әрқашан бір - біріне көмектесіндер, бір - бірлерінді ренжітпендер, үлкендерге жақсылық жасай біліндер. - Мен сендерді ертегі қалашығына шақырамын, өздеріңе ұнаған ұсақ ойыншықтармен «Ертегі елін» жасандар Балаларды мадақтап қорытындылау	Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» бала, қарлығаш, айдаһар қатігез Сұрақтарға толық жауап беруге тырысады. Ертегі қалашығына барып, ермексазбен өздеріне ұнаған ертегі кейіпкерлерін мүсіндейді
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: ертегілерді есте сақтап, баяндап беруді

Түсінеді: суреттерге қарап, қандай ертегі екенін айтып, баяндайды

Қолданады: ермексазбен өздеріне ұнаған ертегі кейіпкерлерін мүсіндеп, ертегіні айтуды

Күні: 28.10.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қанатты барыс» туралы аңыз

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің болашағы - жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін сүйуге оны қорғай білуге тәрбиелеу

Көрнекілігі: «Қанатты барыс» мультфильмін тамашалау

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы Ұйымдастырушы ізденушілік	Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады. Балалар, сендер қандай ән орындадыңдар? Дұрыс айтасыңдар, әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Үлкен мерекелерде туымыз биікке көтеріліп, әнұранымыз орындалады. Рәміздерді үлкен де, кіші де құрметтеп жоғары ұстауы тиіс. Сондай –ақ, елтаңба мен туды әрқашан қастерлеуге тиіссіңдер. Қазақстан республикасының рәміздері туралы кім тақпақ біледі? Балалар сендерге «Қанатты барыс» туралы мультфильмін тамашалауға шақырамын. Мультфильм сендерге ұнады ма? Бұл мультфильмнен нені түсіндіңдер? -Кішкентай Сауранды кімге тапсырады? -- Сауранға әкесі не тағады? Ол қандай болып өседі? Әкесінің тілегін орындады ма? Балалар барыс туралы сендерге айтып өтейін. Барыс- биік тауда мекендейтін ерекше сымбатты жыртқыш аң. Ол өте айлакер, күшті, әрі шапшаң. Сондықтанда оны батыллықтың символы ретінде көрсеткен. Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Біздің Отанымыздың астанасы қай қала? Ия, дұрыс айтасыңдар, -Ел бөбегі бүлдіршін жас баламыз, Астанамыз Астана – бас қаламыз.	Қазақстан республикасының әнұраны орындалды. Көк туымыз бетінде, Қыран бүркіт қанатты Сол қырандай еркіндеп, Біз өсеміз талапты. Елтаңбасы елімнің Неткен әйбат әдемі Тұнығындай көңілдің Ортада аспан әлемі Отан дегеніміз үйім, туған жерім Балалар мультфильмді тамашалайды. Балалардың жауаптары Отан дегеніміз үйім, туған жерім Астана қаласы Н.Ә.Назарбаев атамыз Шықты тарап ой-данадан, Бер қарады жұлдыз беті,

Жетекші-жөндеуші	Балалар, Қазақстан республикасының ел басшысы кім? Елбасы туралы кім тақпақ біледі? Отан туралы мақал -мәтел айтайық Отан туралы кім тақпақ айтады? Балалар, біздің Қазақстан тәуелсіз көп ұлтты мемлекет. Еліміздің келешек тағдыры Қазақстан ертеңі өз қолдарыңда Сондықтанда сендер әдепті, тәртіпті, білімді болу міндеттерің . Сендер тәуелсіз елімізге қандай тілек білдірер едіңдер? Орағың өткір болса, Қарың талмайды Отаның берік болса Жауың алмайды Сау болыңыздар?	Өзі қалап, сайлап алған, Елімнің бар президенті Отан- оттан да ыстық. Отан –елдің анасы Ел- ердің анасы Туған елдей ел болмас, Туған жердей жер болмас Азаматқа лайық Отанымның ұлымын Отанымды қорғайтын Азаматтың бірімін Отан деген –Атамекен Отан деген туған жер Отан –ана, Отан –үлкен, Қазақстан -туған ел Елімізде тыныштық болсын! Еліміз, бай,қуатты болсын!
--------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Мультфильм көру арқылы өз Отанын сүюді , рәміздерін құрметтеуді ;

Түсінеді: сұрақтарға толық жауап береді

Қолданады: Аңызды өз түсінігімен әңгімелейді; Отан туралы тақпақтар, мақалдар айтады;

Күні: 04.11.2021ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

Мақсаты: Ертегіні мазмұныны әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекілігі: ертегі суреттері

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	Шаттық шеңбері Күндей жадырап, Айдай арайлап.	балалар жақсы көңіл күймен тілектерін білдіреді

Ұйымдастыру шылық ізденіс	Жұлдыздай жарқырап, Судай сөп-мөлдір таза көңілмен бүгінгі ертегімізді бастайық -Балалар қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегілер несімен ұнайды? Бүгін біз Ы.Алтынсарин аталарыңның «Мақта қыз бен мысық»ертегісімен танысамыз Екеуі дос болып жүреді. Бір күні Мақта қыз үйін жинап жүрсе, бір мейіз тауып алады. Мысықты шақырады. Шақырады – келмейді, шақырады – келмейді, сосын «келмесең, келме», – деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп: – Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сосын мысық айтады: «Ендеше қатығыңды төгем», – дейді. Мақта қыз: «Мен құйрығыңды кесіп аламын», – дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. «Апа, апа, құйрығымды берші», – дейді. Сосын Мақта қыз: «Менің қатығымды төлеп бер», – дейді. Мысық сиырға барады. «Сиыр-сиыр, маған қатық берші», – дейді, сиыр айтады: «Менің қарным ашып тұр, маған жапырақ әкеліп бер», – дейді. Мысық ағашқа барып: «Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші!» – дейді. Ағаш айтады: «Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең, жапырақ беремін», – дейді. Суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көріп: «Қыздар, қыздар, маған су берші», – дейді. Қыздар: «Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз», – дейді. Мысық дүкенге барады. «Ай, дүкенші, маған сағыз берші», – дейді. Дүкенші: «Маған тұқым бер», – дейді. Мысық тауыққа барады: «Тауық, тауық, маған тұқым берші», – дейді. Тауықтар айтады: «Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз», – дейді. Мысық: «Енді не қыламын», – деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды қорқытып: «Жаның барында айт, үйіңде не бар?», – дейді. Тышқан қорыққанынан: «Үйімде бір батпан тарым бар», – дейді. Мысық айтады: «Маған бір уыс тары бер», – дейді. Тышқан үйіне барып,	Ертегіні тыңдайды
---	--	--------------------------

Жетекші-жөндеуші	бір уыс тары береді. Тарыны апарып тауыққа береді, тауық тұқым береді, тұқымды апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді, сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді, суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырағын береді. Жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты апарып Мақта қызға береді. Мақта қыз мысықтың құйрығын береді. Балаларға ертегіні оқып беріп, түсінгендерін сұрау Ертегі кім жайында екен? -Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Мақта қыз бен мысықтың бір-біріне жасағандары дұрыс па? Ертегіні суреттен көрсету Балалар сендер осы ертегіні рөлге кіріп ойнайсындар ма? Балалар ертегіні бастарына атрибуттарын киіп ойнайды. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп таламыз Күнге қарап табынып, Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Қарлығаштай самғаймыз бір отырып,бір тұрып Жаттығулар жасаймыз Балалармен жұмыс.»Мысықтың қатыққа жету жолын тап» Әр балаға үлестірмелі құралдар беріп,таратылады.Мысықтың қаттыққа жету жолын сызықтар арқылы қосамыз Жарайсындар.Енді барлығының сұрағандарын әкеліп беріп мысықтың құйрығын қайтарып алайық та Мақта қыз бен мысықты татуластырайық. Жұмбақ: Өзі жап-жас мұрты бар Ет пен сүтке ұмтылар Тастамайды жылы үйде Түкті тоны шұп-шұбар. -Балалар бүгін біз қандай ертегісімен таныстық? -Ертегі сендерге ұнады ма? Балаларды бағалау,мадақтау	Сұрақтарға жауап береді Қимылмен көрсетеді Сызықтармен мысықтың қатыққа жету жолын сызып көрсетеді мысық
--------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жанғыртады: ертегі арқылы тапсырмаларды орындауды

Түсінеді: ертегі кейіпкерлерін ретімен атайды

Қолданады: Мысықтың қатыққа бару жолын сызбамен көрсетеді

Күні: 11.11.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісі

Мақсаты:Ертегіні тыңдата отырып, қарлығаштың адамға дос құс екенін, дәуіттің

адалдығын балаларға түсіндіру.Балаларды бір-біріне көмектесуге, қиналған кезде жәрдем беруге үйрету
Көрнекілігі: суреттер

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы Ұйымдастырушы ізденушілік Жетекші-жөндеуші	Жұмбақ: -Қонып алып жарға қарқылдайды..... -Өзі жасыл, әрі батыр, ол не? -Өзі қара, бауыры ақ, ол не? -Шарлап келіп даланы Үйіме үйін салды? «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін оқып таныстыру -Қарлығаштың ұясы қайда орналасқан? - Жылан не үшін келді? -Карлығаш қандай құсты көмекке шақырды? -Көкек не деді? - Қарға ше? -Дәуіт не істеді? Қарлығаш пен дәуіттің достығы қандай болды? Сергіту сәті Қане, қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық Дидактикалық ойын: «Ұшты-ұшты» ойыны Ойын шарты: Ұшатын затты айтқанда қол көтеру керек Тыйым сөздерді айт? Кім құстар туралы таупақ біледі? Кезек-кезек шөп әкеліп, Ұлпа жүнді көп әкеліп Таңдап алып қия жарды Қарлығаштар ұя салды Қарға , қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар Боран соқса қар болар Бұтаға қонар қарғалар -Қарлығаш- адамға дос - Дәуіт – адал,достарына көмектеседі –Қиындықта достарына көмектесу керек Құстар -біздің досымыз құстар ағаш түбіндегі	Қарға дәуіт қарлығаш қарлығаш Ертегіні тыңдайды Жардың басына Балапандарын жеу үшін көкекке барды мен қонаққа барайын деп жатырмын деді, қарға үйленейін деп жатырмын деді дәуіт мені тез жеткіз деді Ойын шартын орындайды Құстың ұясын бұзба Құстың балапанына тиіспе! Құсқа тас лақтырма! Құстардың жұмртқасын жарма Балалар қайталайды

	кұрт –құмырсқалармен қоректенеді Сондықтанда құстарға қамқор болайық !	
--	---	--

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Құстарға қамқор болуды, бір-біріне мейірімді болуды;

Түсінеді: құстар туралы тақпақтар біледі;

Қолданады: құстарға қамқор болуды, құстар туралы тыйым сөздерді біледі

Күні: 18.11.2021ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Түлкі, қойшы, аю » ертегісі.

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қалыптастыру. Балаларды халық ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру

Көрнекілігі: Ертегі кейіпкерлері қуыршақ театры

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалар қазір біз «Түлкі, қойшы, аю» мультфильм тамашалап көрейік Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкіні бір аю қуып келеді екен. Түлкі бір тамға кіреді. Аю да тамға кіремін дегенде тар тесігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай қалады. Ал, түлкі болса, басқа бір тесігінен жылт етіп шығып, айналып, есікке жақындайды. Есіктен не әрі, не бері шыға алмай ілініп жатқан аюды түлкі әжуалап, күліп кетеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең дегенде қайта шығып, жан-жағына қарайды. Болған жайды бақылап тұрған қойшыны көреді. Қойшыға жақындап келіп, аю; - Е, қойшы сен не көрдің? – деп ақырады. Қойшы қорқып кетіп: - Ойбай, мен ештеңе көрген жоқпын деп жауап береді. Аю: - Жарайды. «Көргеніңді айтсаң өлесің» дейді де кетіп қалады. Қойшы қойларын айдап ауылына қайтады. Ауылына келген соң кездескен адамдардың бәріне айтады. Ауылдағы бала-шаға оқиғаны өлең қылып күліп жүреді. Осы өсекті естіген аю, ыза болып қойшыны іздейді. Қой бағып жүрген қойшыны тауып алады. - Ештеңе көрмедім, ешкімге айтпаймын деген уәдең қайда? Енді сөзіңде тұрмағаның үшін мен сені жеймін – деп ақырады. Қойшы жалынып: - Маған үш күн рұқсат бер, үй – ішіммен, ағайын-	Балалар ертегіні тамашалауға қызығушылығын білдіреді Ертегіні тыңдайды

туыспен қоштасайын деп сұрайды.

Аю:

- Жарайды. Үш күнге рұқсат берейін деп кетіп қалады.

Қойшы қоштаса бастайды. Қойшы екі күн үй-ішімен қоштасып, уәделескен күніне бір күн қалғанда далада істеген ісіне өкініп жылап отырады. Осы кезде қасына түлкі келеді.

Түлкі:

- Е, қойшым неге жылап отырсың?

- Сенің кесіріңнен енді өлетін болдым,- деп жауап береді.

Түлкі:

- Е, үндеме саған көмектесейін. Аюдан құтылудың амалын табайын. Ал, енді маған ақылыма не бересің? – дейді.

Қойшы: Қуанып кетеді де:

- Ойбай, не қаласаң соны берейін – дейді.

Түлкі:

- Егер мен сені аюдан құтқарсам сен маған өзіңнің бір бүйрегінді бересің бе? - дейді.

Қойшы қатты сасып, қипақтап, қиналып бірақ басқа амалы болмағандықтан.

- Мейлі берейін. – деп келіседі.

- Сонда түлкі қойшыға:

- Аулыңа барып, демал ертең уәделескен жерге кел де, аюды күт. Аю келгенде анау жерде шаңды бұрқыратып мен жүрейін. Аю сұрап: Анау неткен шаң? – деп сонда сен: «Ол ханның баласы әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр» де аю қорыққанынан қашып кетер – дейді.

Екеуі уәделесіп екі жаққа тарасады. Келесі күні қойшы уәделескен жеріне келеді. Осы кезде басы салбырап қойшы келе жатады. Аюда келеді.

- Екеуі кездесе бергенде, аю алыстан бұрқырап шығып жатқан шаңды көреді.

Аю:

- Қойшым анау бұрқыраған не шаң? –деп сұрайды.

Қойшы:

- Е, ол ханның баласы ғой. Әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны шарқ ұрып іздеп жүр дейді

Аю қорқып кетеді де, қойшыны құшақтай алып:

- Ойбай, қойшым онда мен тезірек қашайын. Тек сен мені көргенінді айтпа, - деп қаша жөнеледі.

Осы жайды алыстан бақылап тұрған түлкі, аю қаша жөнелісімен қойшының қасына жетіп келеді.

- Түлкі қулаңып қойшыға келіп:

Жетекші-жөндеуші	- Қойшым, мен саған көмектестім. Енді сен уәдеңде тұр. Маған бір бүйрегінді бересің. Қойшы қипақтап, жыламсырап, шапанының белбеуін шеше бастайды. Осы кезде үш күн бойы жөнді тамақ ішпеген, жөнді ұйықтай алмаған қойшының іші шұрылдайды. Бұл шұрылды естіп қалған түлкі құлағын тіге қойып, Түлкі: - О, не қыңсылаған? – деп сұрайды. Сол кезде қойшы: - Түнеу күні бір тазының күшігін жұтқан едім. Сол енді үлкен тазы болып, ішімнен шығайын деп, қыңсылап жатыр – дейді. Түлкі шошып кетіп: Ойбай, қойшым ендеше дос болайық! Тазы шығып кетпесін мен қашайын деп алды-артына қарамай қаша жөнеледі. Түлкіден қулық үйренген қойшы басына түскен ауыртпалықтан осылай құтылады. Қойшы қойларын айдап жайына кетеді. Сұрақтар –Ертегі сендерге ұнады ма? -Қой бағып жүрген қойшы нені көреді? - Түлкі аюға не деп кетеді? -Оны кім көреді? Аю қойшыға не ескертеді? -Қойшы уәдесінде Тұра ма? Аюдың жүрегіне «жерік» болу дегенді қалай түсінесіңдер? Қойшы қалай құтылады? Түлкінің қандай қылығын адамдарға ұқсатар едіңдер?– Аюды неге теңер едіңдер? Балаларды мадақтап, қорытындылау	Қойшы түлкіні қуып жүрген аюды көреді аюды мазақ етіп кетеді қойшы көреді ешкімге айтпауын ескертеді Ол ауылдағы адамдарға айтып қояды Түлкіні алдап құтылады қулығы ұқсайды Аңқау адамға ұқсайды
------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Жанғыртады: Ертегі мазмұнын түсініпжақсы, жаманды айыруды

Түсінеді: Түлкінің қу екенін, уәдеде тұру керектігін

Қолданады: сұраққа толық жауап береді , ертегі мазмұнын айтып береді

Күні: 25.11.2021ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Түлкі мен қырғауыл» ертегісі.

Мақсаты: Балаларға білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту, дауыс ырғағын келтіре отырып, рольдерге бөліп ойнату. Балаларды тапқырлыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу

Көрнекілігі: суреттер

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық Ұйымдастырушылық ізденіс Жетекші-жөндеуші	Балалар қандай ертегі білесіңдер? Ертегі тыңдау ұнай ма? Ертегіміз «Түлкі мен қырғауыл» деп аталады. Бір түлкі ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де жақындап келіп; -Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай? -Жақсы өзің қалай? –дейді қырғауыл -Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді, құлағым естімейтін еді? – дейді -Жерге түсуге қорқамын, жерде әртүрлі аңдар баржеп қоюы мүмкін - дейді қырғауыл - Әй, достым, қазіргі заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, біреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқырбірге жүрсін, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, деп қу түлкі алдайды - Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет достым! Мына жақта бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін-- дейді қырғауыл. Ит деген сөзді естіген түлкі қаша жөнеледі – Қырғауыл: - Қайда барасың; түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе? –дейді Түлкі: - Кім біледі, бұйрықты олар естімеген шығар—дейді міңгірлеп -Ертегі қалай аталады? -Түлкінің қырғауылға айтқан сөздері рас па? -Қырғауыл түлкінің айтқан сөздеріне сенді ме? –«Ит» деген сөзді естіген соң, түлкі неге қаша жөнелді? - Түлкі қырғауылға не деді? Балаларды мадақтап, қорытындылау	Балалар білетін ертегілерін айтады Ертегіні тыңдайды Түлкі мен қырғауыл Оны жегісі келіп алдайды Қырғауыл сенбей, оны ит келе жатыр деп алдайды иттерден қорқады Олар естімеген шығар дейді

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: бір бірін алдау жақсы қасиет емес екенін білуді
Түсінеді: Түлкінің өте қу аң екенін біледі
Қолданады: дауыс ырғағын салып, рольдерге бөлініп ойнайды

Күні 02.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Тақырыбы: «Алтын сақа» ертегісі

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіну, өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. балалардың ақыл- ойын, сөз байлығын жетілдіру.

Қазақ ертегілеріне қызығушылығын арттыру, қиындықты ақылмен, тапқырлықпен жеңе білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ертегі қиындыларын құрастыру

Іс-әрекет кезендері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балаларға сақа туралы түсінік беру. Сақа – деген асықтардың ішіндегі үлгендеуі және ауырлауы себебі оған қорғасын құйылады, онымен асықтарды атып ұтуға болады. Ауыл балаларының сүйіп ойнайтын ойыны.	Балалар ертегіні қызушылықпен тыңдайды
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Ендеше, ертегіні тыңдайық Алтын сақа Өткен заманда бір бай болыпты, ол бір перзентке зар болыпты, зарыға жүріп перзентті болыпты. Бай бір күні жылқысын суара көлге келсе, көлдің ішінде бір қып-қызыл өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға жуымайды. Өлгі жерде бай жылқыларын қанша айдаса да, суға жаба алмайды. Сол кезде бай тұрып судағы жүзіп жүрген өкпені құрықпен түртіп көреді. Өкпе суға батып кетіп, әлден уақыттан соң жалмауыз кемпір болып судан шығады да, байдың жағасынан ала кетеді. Бай көзі алақандай болып, қорқып кетеді. Бай жалмауыз кемпірге: - Ат басындай алтын берейін, қоя бер, - дейді. Жалмауыз кемпір жібермейді. - Осы жылқыларымның бәрін берейін, қоя бер, - дейді. Кемпір көнбейді. Кемпірден сасып: - Енді не берейін? - дейді бай. Кемпір: - Жалғыз балаңды бер, жіберейін, - дейді. Бай жалғыз баласын бермек болады, кемпір байды қоя береді. Кемпір байға: - Балаңды қай жерде бересің? - дейді. Сонда бай: - Ертең көшемін, сонда баламның алтын сақасын жұртқа тастап кетейін, сен жұртта сол сақаның жанында отырасың, - дейді.	

Сонымен бай жалмауыз кемпірге уәдесін беріп, жылқыларын айдап кетіп қалады. Ертеңінде көшеді, жалғыз баласының алтын сақасын ұмыттырып жұртқа тастап кетеді. Ауыл жаңа қонысқа көшіп барады. Асық ойнайын десе, сақасы жоқ, бала алтын сақасын жоқтап, жылайды.

Сонда әкесі:

- Кеше көшіп жүргенде жұртта қалыпты. Барып алып келе ғой, - дейді. Бала бармақшы болады да, әкесінен:

- Өке, қандай тайға мініп барайын? - деп сұрайды.

Жылқышыдан сұрап мін, - дейді бай.

Жылқышы балаға:

Құрығынды құлдыратып, жүгенінді сылдыратып, жылқыға бар.

Қай тай бетіне қараса, соны мін, - дейді. Бала құрығын құлдыратып, жүгенін сылдыратып, жылқыға келсе, шеттегі бір қотыр тай балаға қарай қалады. Бала сол қотыр тайды ұстайды да, жүгендейді. Жүгендегенде тайдың қотыры жазылады. Үстіне тоқым салғанда, құнан болады. Үстіне ер салғанда, дөнен болады. Айылын тартқанда, бесті ат болады. Бала үстіне қарғып мінгенде, тұлпар болып, көзді ашып-жұмғанша жұртқа жетіп келеді. Жұртқа келсе, алтын сақасы ошақ басындағы тезек түбінде жатыр екен. Сақа жанында бір кемпір отыр екен. Бала кемпірге:

Шеше, анау жатқан сақамды алып берші! - дейді. Сонда кемпір:

Шырағым, өзін түсіп ал. Кәріліктен отырсам - тұра алмаймын, тұрсам - отыра алмаймын, - дейді.

Сонда бала:

- Мен жастықтан түссем - міне алмаймын, мінсем - түсе алмаймын, - дейді. Сонда баланың тайы сақаның жанына жата қалады. Бала үзеңгіден аяғын суырмай, сақаны іліп алады. Тай тұра қашады. Жалмауыз кемпір тұра қуады. Бала қашып келеді. Әрі-бері қуып жете алмайтын болған соң кемпір бір тісін жұлып алып, атып жібергенде тайдың бір аяғын жұлып түсіреді. Тай үш аяғымен қашып, жеткізбейді. Кемпір тағы бір тісін жұлып лақтырғанда, тайдың тағы бір аяғы жұлынып түседі. Тай екі аяғымен шауып бара жатып, жолында бір бәйтерекке кез болады. Тай әлсірейін дейді. Терек жанына бара бергенде, бала тайынан секіріп түсіп, бәйтеректің басына шығып кетеді. Жалмауыз кемпір бәйтеректің түбін кешке дейін қазады. Бір кезде бір қызыл түлкі келеді де, кемпірге:

- Шеше, шаршаған екенсің, мен қаза тұрайын, сен ұйықтап демал, - дейді. Кемпір жатады.

Түлкі тісті суға атады да, қазған шұқырды қайта

бітеп, өзі кетіп қалады. Кемпір тұра келсе, тісі де жоқ, түлкі де жоқ. Кемпір тағы бір тісін суырып алып, кетпен қылып, бәйтеректі қаза береді. Бір уақытта тағы да бір түлкі келіп:

- Шеше, кетпеніңді маған бере тұр, сен шаршаған шығарсың, мен қазайын, - дейді.

Сонда жалмауыз кемпір: - Сен кетпенімді алып қашып кетесің, - дейді. Сонда түлкі:

- Ол қырдың қызыл түлкісі, мен сайдың ақ түлкісімін. Баяғыда бұл баланың әкесі аң аулап жүргенде мені қуып, соға жаздаған болатын. Сондықтан бұл балада менің кегім бар, - дейді.

Жалмауыз кемпір түлкінің сөзіне сеніп, тағы да кетпенді түлкіге беріп, өзі ұйқыға кіріседі. Түлкі тағы да кетпенін суға лақтырып жібереді де, шұқырды бітеп, өзі қашып кетеді. Кемпір тұрса, тағы да кетпені де жоқ, түлкі де жоқ. «Алда, ойбай-ай, алдаған екен ғой» деп, тағы да бір тісін суырып кетпен қылып, бәйтеректің түбін қаза береді. Сонда кемпір аузын ашса, бір-ақ тісі қалыпты. Кемпір бәйтеректің түбін қаза-қаза құлатуға жаақындайды. Бір заманда баланың төбесінен бір топ қарға өтеді. Бала қарғаға:

- Ау, қарғалар, қарғалар, қанатымен жорғалар. Жайлаудағы бес төбетіме хабар айта кет, мені жалмауыз кемпірден арашалап алсын, - дейді.

Сонда қарғалар «қарқ-қарқ» етіп ұшып кетеді. Бір мезгілде үйректер төбеден ұшып өтеді, бала оларға да айтады. Олар да үндемей ұшып кете береді. Бір мезгілде бір қарлығаш бәйтеректің төбесінен әрлі-берлі ұшып жүреді де, баланың төбесіне келіп қонады. Бала қарлығашқа жылап тұрып, бұған да тапсырады. Бұрын бала қыстауындағы ұя салған қарлығаштың балапандарына тимей, бұларды жақсылап өсіріп, ұшырып жібереді екен. Сондықтан бала қарлығашпен дос екен. Сонымен, қарлығаш баланың төбеттеріне тапсырғанын айтып барады.

«Осындай пәлен жердегі бәйтеректің басында бала тұр, бәйтеректің түбін жалмауыз кемпір қазып жақындатқан, енді құлатуға таяу тұр», - дейді қарлығаш баланың төбеттеріне. Мұны естіген соң төбеттер шапқаннан шауып отырып, бәйтерекке келеді. Сол кезде бәйтерек те жерге құлайды. Баланың төбеттері, жалмауыз кемпірдің қолын қол, бұтын бұт қылып, жүн-жүнін шығарып, талап тастайды. Бала төбеттеріне кезек-кезек мініп, еліне аман-сау жетеді. Бала жалмауыздан аман-сау ққтылып келгеніне әке-шешесіне қатты қуанып, ел-жұртын жиып, үлкен той қылады. Бұдан былай неше күндер өткен соң, баяғы жалмауыз кемпірдің қызы құлаған бәйтеректің жанына келеді. Келсе, шешесінің жүн-жүні шығып, өліп қалғанын көреді. Кім өлтіргенін білу үшін сол жерде қарап жүрсе, иттердің ізі көрінеді. Мұнан

жалмауыз кемпірді
қарлығаш, иттер.

соң қыз иттердің ізіне түсіп келе жатса, көп жылқыға кез болады. Енді ауыл жақын екенін біліп, ол жүріп келе жатады. Иттердің ізі тұп-тура байдың қотанына алып барады. Бұл кезде қотанға баяғы жалмауыз кемпірдің қызының келгенін біліп, бес төбет жалма-жан тұра ұмтылады, қыз кемпірдей емес, өте-күшті екен, бес төбетке бой бермейді. Сол арада бала, садақпен атып, қыздың көзін шығарады, садақпен екінші атқанда қызды өлтіреді.

Жетекші-жөндеуші Сөйтіп, жалмауыздан мәңгі құтылады. Балалар, сендер бүгінгі оқу қызметіне белсенді қатыстыңдар. Балалар кім айтады бала кімді жеңді? Балаға көмекті нелер көрсетті? Ертегі қиындыларын құрастырып, ертегіні баяндайды

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: жақсылық, жамандықты ажыратуды, жақсылық жасауды, жамандықтан аулақ болуды

Түсінеді: Қарлығаш туралы балалар өз ойын білдіреді

Қолданады: түрлі пішіндерден берілген ертегі қиындылары арқылы ертегіні баяндайды

Күні: 09.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Тақырыбы: «Ұр тоқпақ» ертегісі

Мақсаты: Балалардың сөйлеу тілін, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Халқымыздың тұрмыс – салтын, әдет- ғұрпын, нанымын, дүние танушылық көзқарасын сақтауға, жат әдеттен аулақ болуға, адал еңбек етуге тәрбиелеу. Ой – өрісін, сөздік қорын, дүниетанымын, танымдық- шығармашылық қабілеттерін арттыру

Іс-әрекет кезеңдері

Мотивациялық-қозғаушылық

Ұйымдастырушы-ізденушілік

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Ертегіні нақышына келтіре оқу; ертегідегі негізгі ойды ұғындыру;

Ұр тоқпақ

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға айтыпты: - Мені сен босат! Менен не сұрасаң соны бір жылдан кейін ал, - дейді. Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсады. Шал: Қой, сен түк білмейсің! - деп, сөзін тыңдамай, жүре береді. Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре бір

Балалардың іс-әрекеті

Ертегіні қызығушылықпен тыңдайды

жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп түйешіден: Бұл кімнің түйесі? - десе: Бұл Қазбайдың түйесі, - дейді. «Бұл Қазбай - баяғы қаз екен», - деп шал ойланып тұрып, жүріп кетеді. Бір жерге келіп: Бұл кімнің қойы? - деп, қойшыдан сұрайды. Қойшы:- Бұл Қазбайдың қойы, - дейді. Шал жаңағы қойшы баладан: - Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар? - дейді. Бала шалға: - Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!» - десе, әр түрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім құс!» десе, есегі алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр, тоқпағым, ұр!» десе, адамдарды ұра береді, - дейді. Мақұл, - деп шал жүріп кетеді. Шал Қазбайдың аулына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды. Қазбай сұрағанын береді. Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға: - Ата, асқа түсіңіз! - дейді. Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға: - Шырақтарым! «Піс, қазаным, піс!» демендер, - дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң балалар тындасын ба: «Піс, қазаным, піс!» деп шулап қоя береді. Сүйдегенде, әр түрлі тамақ пісіп, даяр болады. Балалар қазанды айырбастап, алып қояды. Шал шығып қазанды үйіне алып барып: «Піс, қазаным, піс!» - десе, еш нәрсе піспейді. Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді. Қазбайға: - Бұдан еш нәрсе шықпады, - дейді. Қазбай қазанды алып: «Піс, қазаным, піс!» десе еш нәрсе шықпайды. Қазбай қазанды алып, шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті алып үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға: - Ата, асқа түсіңіз! - дейді. Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып балаларға: - Шырақтарым! «Құс, есегім, құс!» демендер, - дейді. Балалар: - Мақұл! - дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ балалар: «Құс, есегім, құс» десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды. Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір: - Қаздан барып алып келгенің осы ма? - дейді. Шал есекке: «Құс есегім, құс!» десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді. - Есектен еш нәрсе шықпайды, - дейді. Қазбай есекті алып: «Құс, есегім, алтын құс» десе, еш

Сұрақтарға жауап
береді
Тұрмысы нашар
«Піс, қазаным,
піс» «Құс,
есегім, құс»
«
Ұр, тоқпағым, ұр»
Сұрақтарға
жауап береді

**Жетекші-
жөндеуші**

нәрсе құспайды. Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен. Балалар шалға: Ата, асқа түсіңіз! - дейді. Шал үйге кіріп бара жатып: - Шырақтарым! «Ұр, тоқпағым, ұр!» демендер, - дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр!» - дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын, ал кеп ұр! Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпаққа жалынады: «Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегіңді, берейік!» - дейді. Шал шығып келе жатып, естіп қояды. Шал келіп: - «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме? - дейді. Балалар: - Мақұл! Әкеліп береміз! - дейді. Шал «Ұр тоқпақты» қойғызады. Балалар «Піс қазанды», «Құс есекті» әкеліп береді. Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді. Егер сендер де ертегідегі шал сияқты тұзақ құрған болсаңдар. Ол тұзақтарыңа қаз түссе не істер едіңдер? Бірден тұзақтан босатып, бауыздайсыңдар ма, әлде қаздың өтінішін орындап мұраттарыңа жетесіңдер ме? -Шал мен кемпірдің жағдайлары қандай болған? - Қазбайдың жақсы үш нәрсесін ата. Шалдың тұзағына не түседі? Ертегідегі балалардың әрекеті дұрыс деп ойлайсыңдар ма? мадақтап бағалау.

Күтілетін нәтиже

Жаңғыртады: Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін өз ойларымен жеткізе білуі

Түсінеді: Көптеген халық ертегілерін біледі

Қолданады Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін өз ойларымен жеткізеді :

Күні: 23.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Ақылды етікші» ертегісі

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіну, сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу, көркем әдеби тілде сөйлеуге, үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: етікші мен байдың суреттері

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
---------------------	------------------------	-----------------------

Мотивациялық – қозғаушылық	Балалар шаттық шеңберіне тұрып, тілектер айтады. -Балалар, бүгін біз «Ақылды етікші» ертегісімен танысамыз. Ертегіні мәнерлеп, нақышына келтіріп оқып беру.	бір – біріне жақсы тілектер айтады.
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Ақылды етікші Бұрынғы өткен заманда бір патша болған екен. Оның әрбір тәртібін халқы екі етпей уақытымен орындап тұрады екен. Бір күні бұл патша: «Менің әрқашан халық пайдасына еткен әмірім орнына нақпа-нақ келіп тұрады және халқым да мені жақсы көреді. Сондықтан да мен олардың пайдасын ойлаймын. Енді мен осы халқыма зиянды бір әмір таратайын. Халқым тыңдап, орнына келтірер ме екен? Жок, келтірмес пе екен?» - деп ойлап уәзірлеріне: -Халыққа тегіс хабарландырыңдар: «Ешкім басына пайда қылмасын!» - деп, әмір қылады. Бұдан соң уәзір-лер бұл әмірді халыққа естіртіп болып, патшаға: -Халқыңыз әміріңізді нақпа-нақ айтқаныңыздай орнына келтіретін болды, - дейді. Патша уәзірлеріне еш жауап айтпайды. Түн болған соң үстіне бөтен, ескі киім киіп, әмірінің қалай орындалғанын көру үшін көшеде жүрсе, шеттегі бір үйде шам жанып тұр екен. Патша қайыр сұраған кісі болып, шам жанып тұрған үйге келсе, үйдің ішінде бір етікші етік тігіп отыр екен. Етікші қайыршыны көріп тұра келіп, бір кішкене нан береді. Сонда қайыршы: -Сен патшаның әмірін тұтпаған не қылған адамсың? «Ешкім басына пайда қылмасын және шам да жақпасын», - дегені қайда? - дейді. Сонда етікші: «Сенің онда не жұмы-сың бар? Сондай әмір қылып отыр-ған патша да ақымақ. Себебі, мен жарлы адаммын. Күнде төрт теңге пайда қыламын да, төрт теңге зиян қыламын. Міне, мен сонымен күн көріп отырмын. Патша ақылды болса, осыны білер еді», - дейді. Патша бұған жауап қайтармастан үйіне келеді де, ақылды төрт уәзірін шақырып алып: Сіздерді басқалар-дан ақылы көп деп, өзіме уәзір қылып едім. Енді менің сіздерден сұрайтын сауалым бар. Күніне төрт сом пайда, төрт сом зиян қыламын. Сол пайдам мен зияным не?	Ертегіні қызығушылықпен тыңдайды
	Үш күн ішінде соны табыңдар. Таба алма-сандар, бастарыңды аламын! Өздерің таппасандар да табатын кісі таппасандар, жазадан құтыласыңдар! - депті. Уәзірлер үш күннің ішінде өздері де шеше алмай және табатын кісі де таба алмаған соң, енді патшаға көрінбей, қашпақшы болып жүргенде, баяғы етікші уәзірлерге келіп: -Мен патшаның сұраған сауалын тапсам, сіздер маған не берер едіңіздер? - дейді. Уәзірлер төрт мың ділда бермекші болады. Етікші уәзірлерден төрт мың ділданы санап алып, олармен бірге патшаға барады	

Жетекші-жөндеуші	да: -Тақсыр, мен етік тігіп, әр күні төрт сом пайда, төрт сом зиян қылам. Ол былай: бір сомды қарызға беремін. Бір сомды ескі қарызымды төлеуге беремін, бір сомды құдыққа тастаймын, бір сомды әйеліммен екеуімізге жұмсаймын, - депті. Сонда патша: -Әйеліңмен екеуіңе жұмсалған ақшаға бәріміз де түсінеміз, қалған үш сомның жұмсалған орнын анықтап түсіндір, - депті. Бұл сөзге етікші былайша жауап қайырыпты: -«Бір сомды қарызға беремін», - дегенім: «Қартайғанда өзімді асырар», - деп балама беремін. «Бір сомды ескі қарызыма беремін» - дегенім: өзімді жасымда асыраған кәрі әкем мен шешеме беремін. «Енді бір сомды құдыққа тастаймын» - дегенім: күйеуіне тұрмай, қайтып келіп отырған қызым бар, соған беремін дегенім, - депті. Сонда патша: «Бұл етікші ақылды адам екен», - деп, өзіне уәзір қылған екен. Сұрақ – жауап арқылы ертегі мазмұны не жайлы екенін білу. -Ертегі қалай аталады? -Ертегі ұнады ма? -Ертегіде қандай кейіпкерлер бар?? Балаларды мадақтап, қорытындылау	- Ақылды етікші. -Ұнады. -Бай, уәзірлер, етікші. .
--------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: ертегінің мазмұнын.

Түсінеді: үлкенді құрметтеуді.

Қолданады: көркем әдеби тілде сөйлеуді.

Күні: 30.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Кім күшті» ертегісі

Мақсаты: Балаларға таныс ертегілерді еске түсіріп бекіту. Ертегілер арқылы балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету, кейіпкердің қарапайым әрекетін бағалауға, оларды әңгімелеуге, қойылған сұраққа толық сөйлемдермен жауап беруге баулу.

Көрнекіліктер: суреттер, дидактикалық ойын

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық – қозғаушылық	Тәрбиеші : -Балалар, көктемнің жылы күніндей мына жүрек арқылы бір-бірімізге жылы тілектер тілейік .	-мен саған көктемнің күнін тілеймін ! - әдемі гүлін тілеймін ! - мен саған шуақты түнін тілеймін! жылы күнін тілеймін -әрқашан жолын болсын!

Ұйымдастырушы-ізденушілік	-Ал,балалар,біз жылуымызды бір-бірімізге бердік,көктем өз жылуын бізге беріп жатыр. Жұмбақ Су ағып сай саладан, Тасып өзен толады. Құстар кеп ән салып. Айтыңдаршы балалар, Бұл қай кезде болады Балалар, көктемде қандай өзгерістер болады ? Көктем мезгілінің айларын атаңдар? Көктемде не ояна бастайды? Көктемде бірінші гүлдейтін гүл? Құстардың тіршілігі қандай болады? т.б.сұрақтар қойып әңгімелеу. -Балалар, біздің топқа бір құс ұшып келген сияқты. Ол қандай құс? Қырғауыл қай ертегіден келді? Қырғауыл, сен біздің балабақшамызға не үшін ұшып келдің? Қырғауыл: Балалар, дүниеде кім күшті екенін білгім келіп тұр. Сендер маған көмектесесіңдер ме? Ендеше, «Кім күшті» ертегісін тыңдайық Ерте, ерте, ерте екен, Ешкі жүні бөрте екен, Қырғауылы қызыл екен Қырғауылы қырқылдап, Алшай келіп қоныпты, Шаты айырылып қалыпты Қисая жатып қырғауыл,- сонда мұздан сұрапты Мұз, мұз, сен неден күшті болды? -Мен күшті болсам бауырымды жаңбырға тестірімес едім Жаңбыр, жаңбыр, сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, жерге жұтқызар ма едім -Жер, жер сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жұлдырмас едім -Көк шөп, көк шөп, сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам көк тоқтыға мойнымнан жұлдыртпас едім	арайлы таңын тілемін! қуаныш мол болсын ! ақ мол болсын ! аспан ашық болсын ! дастарқан мол болсын! Көктем мезгілінде болады. Күн жылынады Қар ериді . - Құстар ұшып келеді. - Ағаштар бүршік жарады. Жер көктейді. Мал өріске шығады . Адамдар жайлауға көшеді . Жайлауда мал бағады,ойын-сауық құрады,ойын ойнайды. қырғауыл Кім күшті ертегісінен Иә, көмектесеміз.
---	---	---

Жетекші-жөндеуші	-Көк тоқты, көк тоқты, сен неден күшті күшті болдың? - Мен күшті болсам көк шұнақ қасқырға жұлқытпас едім -Көк қасқыр, көк қасқыр, сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, көк мылтыққа атқызбас па едім -Көк мылтыұ, көк мылтық, сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, қоңыр шолақ тышқанға білтемді қидырмас едім. -Тышқан, тышқан, сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, құмырсқаға інімд алдырмас едім Құмырсқа, құмырсқа, сен неден күшті болдың? -Алты батпан ауырды арқалаған күштімін, жеті батпан ауырды желкелегенкүштімін,- деген екен құмырсқа Сергіту сәті: Мынау менің құлағым Мынау сенің құлағың Мынау менің мұрным Мынау сенің құлағың Мынау менің қолым Мынау сенің қолың Мен сенің досыммын Сен менің досымсың Бірге достасайық Сонымен балалар ең күшті кім екен? Бүгін не туралы әңгімелестік ,біз қандай болуымыз керек? Бір-бірімізге не істеу керекпіз? Белсенді қатысқан балаларды мадақтап, бағалау..	Құмырсқа. еңбекқор болуды көмектесуіміз қрек
--------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жанғыртады: ертегі арқылы еңбекқор болуды

Түсінеді: ертегі желісімен ертегі кейіпкерлерін айтады

Қолданады: рольдерге бөліп ойнайды, сөздерді анық айтады

Күні: 30.12.2021ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Жыл мезгілдері » ертегісі

Мақсаты : Балаларды жыл мезгілдерімен таныстыра отырып, жыл мезгілдерінің ерекшеліктері жайлы түсіндіру.

Көрнекілігі: Жыл мезгілдерінің суреттері, жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреттері, гүлдер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
---------------------	------------------------	-----------------------

	Үлкенге де сіз Кішіге де сіз Баршаңызға құрметпен Бас иеміз біз. Топқа бөлу. Балалар арнайы қалташа ішінен топ атауларын алады. Сол бойынша Жұмбақбай атаның жұмбағын шешу арқылы топқа бөлінеді. Үй тапсырмасы. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы 1.Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? 2. өсімдіктердің бізге қандай пайдасы бар? Ой қозғау. Жұмбақ жасыру арқылы жаңа тақырыпты ашу. Шанамен зырлап желетін Шаңғы, коньки тебетін Аққала жасап ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (қыс) Балалардың жауаптары тыңдалған соң, слайдтан қыс суреті шығады. Қыс мезгілін орыс,ағылшын тілдерінде атату Бұлтты айдай желдеткен Нөсерлеткен селдеткен Шалшық кешіп ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (көктем) Слайдтан көктем суреті шығады. Орыс,ағылшын тілдерінде атату. Қойының толы жеміске Көк майсалы егісте Көбелек қуып ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (жаз) Слайдтан жаз мезгілінің суреті шығады. Орыс, ағылшын тілдерінде атату. Жиып-теріп болатын Қамбаға астық толатын Қызыл қырман ойнайтын Қай мезгіл деп ойлайсың? (күз) Слайдтан күз мезгілінің суреті шығады. Орыс, ағылшын тілдерінде атату. «Текше» ойыны Әр топтан екі оқушыдан шығады. Қолдарына жыл мезгілдерінің суреті бар текше беріледі. Балалар сол текшені лақтыру арқылы тура келген мезгілге қатысты сұрақтарға жауап береді. 1.қай мезгіл? 2. айларын ата 3.ауа-райының өзгешеліктері қандай? 4. сол мезгілде ойналатын ойын түрлерін ата «Енші»әдісі. Балаларға жыл мезгілдеріне арналған суреттер беріледі. Сол сурет қай мезгіл еншісінде болса сол мезгілге жапсырады. Слайд Текше Сергіту сәті. «Ауа райы» ойыны Дидактикалық ойын «жыл мезгілі бөлігін тап» Балалар шашылып жатқан бөліктерден мезгіл құрастырады. «суретті аяқта » ойыны 1топ- қолшатырдың 2топ-гүлді мезгілге қатысты өз қалауымен сурет салу	
--	---	--

Күні: 13 .01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Алма» ертегісі

Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін тереңдету , сөздік қорларын байыту.Өз қалауымен , тәжірибиесіне сүйене отырып,ертегіні саханалай білуге үйрету. Балалардың әдеби шығармаға деген қызығушылығын дамыту. Балаларды ауыз біршілікке , татулыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: *суреттер ,теледидар,бақ пен бақша көрінісі, слайд.*

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-Қозғаушы	-Балалар ,тілек шеңберіне тұрамыз Қазір күз мезгілі болғандықтан,күзге деген жақсы тілегімізді білдірейікші.	Бәрі бірге Қайырымды күз, тіл үйірет жемістерің мен

	Әр бала өзіне тиісті көкөністермен жемістерді қолдарына алып, күзге деген жылы лебіздерің білдіреді: -Бүгін, біз көкөністер мен жемістер туралы әңгімелесеміз. Кәзір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілінде неше ай бар? Олар қалай аталады? Күз мезгілінде дастарханымыз жеміс пен көкөністерге толып кетеді. Олар дәрумендерге өте бай. Сондықтан, күнделікті дәрумендерді жеп тұруымыз керек. Жемістер мен көкөністерді көп жеген баланың дені сау, ақылды болып өседі. Оларды жегенде жуып, тазалап жеуіміз керек. Дәрумендер дастарханымызға келіп жеткенше оған үлкен еңбек етіледі. Мысалы мына жеміс ағашын, көктемде отырғызамыз. Оны жаз бойы баптап су құйып, күтеміз. Бірнеше жылдан кейін жеміс ағашы күзде өз жемісін адамдарға береді. -Балалар, мынау –картоп. Оны көктемде жерге отырғызамыз. Бірнеше күннен кейін, жер бетіне сабағы шығады. Жаз бойы еңбек еткеннің нәтежесінде, күзде бір түйір картоп, бірнеше түйірге айналып, пісіп жетіледі. Жетілген картопты пайдаланамыз. Біздің қамбамыз астыққа, көкөніс пен жеміске толтырған күз мезгіліне өз ризашылығымызды білдірейік Тақпақтар кім айтады ? Алма туралы ертегі Қоңыр күз мезгілі еді. Ағаштың жапырақтары түсіп, тек жабайы алма ағашының басында жалғыз алма қалыпты. Осы кезде	көкөністерің үшін саған рахмет! балалар тілектерін білдіреді қып-қызыл алмаң үшін саған рахмет! жап-жасыл алмұртың үшін саған рахмет! сап-сары асқабағың үшін саған рахмет! мен ұнататын апельсин үшін саған рахмет! тіл үйіретін қауының үшін саған рахмет! қышқыл лимоның үшін саған рахмет! қып-қызыл қызанағың үшін саған рахмет! жап-жасыл қиярың үшін саған рахмет! Қайырымды күз, мөп-мөлдір жүзімнің үшін саған рахмет! Қыркүйек, қазан, қараша Мен алмамын, алмамын. Балдай тәті бар дәмім. Мен алмұртпын, алмұртпын. Аузындамын бар жұтттың. Мен, жүзіммін, жүзіммін, Жүзден бір боп түзілдім.
--	---	--

Ұйымдастырушы-ізденушілік	орман аралап жүрген Қоян алманы байқап қалады. Оны қалай алуға болады? Алма өте биікте — се- кіріп жете алмайсың! Шырша бұтағында отырған қарға қоян қылығына сырттай күліп отырды. — Қарқ-қарқ! Оны көрген қоян: — Қарға, Қарға! Маған алманы үзіп алып берші! — дейді. Қарға ағаш басына ұшып барып, алманы үзіп алады. Бірақ алманы тұм-сығымен қармап ұстай алмай, жерге түсіріп алады. Рақмет, саған, Қарға! — деді де Қоян алманы жерден көтермек болды. Ал жерге түскен алма жаны бардай, дыбыс шығарып, қозғалып жүгіре жөнелді. — Бұл қалай? Қорқып кеткен Қоян ағаш алмасының түбінде ұйықтап жатқан кірпінің тікеніне құлағанын түсініп: — Кірпі, кірпі! Тоқта, тоқта! — деп айғайлады. — Менің алмамды қайда алып бара жатырсың? Кірпі кідірместен: ~ Бұл — менің алмам! Ол төбеден құлады, ал мен болсам оны ұстап алдым. Қоян да қояр емес! — Алмамды қайтарып бер. Оны тауып алған мен! Таласып жатқан Қоян мен Кірпіге Қарға қосылады. — Босқа таласасындар, алма менікі! Мен оны өзім үшін үзіп алғанмын! -деді ол өтірік-шынын араластыра. Олар бір-бірімен түсінісе алмай, алманы әрі тартып, бері тартып, орман .~: айғайдан у-шу болып кетеді. Сол кезде қорбаңбай Аю келіп қалады. — Бұл не деген айғай-шу! Мазамды алдыңдар ғой! Бәрі оған жақындап: — Сен, Аю, біздің ормандағы ең үлкен, әрі ең ақылдысың. Сондықтан бізге алманың кімдікі екенін айтып берші? — деп аюға оқиғаның қалай болғанын баяндап, төрелігін сұрайды. Аю сәл ойланып, сұрады: — Алманы кім тапты? — Мен! — деді Қоян. — Ал, алманы кім үзіп алды? — Мен! — деп қарқ етті Қарға. — Жақсы. Кім оны ұстап алды? — Мен ұстап алдым! — деді Кірпі. — Мінекей, бәрің де дұрыс айтасындар, өйткені әрқайсыларың алманы алу үшін еңбектендіңдер! Алма бәріңдікі! — Мұнда бір алма ғой! — деді Кірпі, Қоян,Қарға түк түсінбей. — Бұл алманы теңдей бөліңдер. Әрқайсың бір-бір бөлігін алыңдар! — деді аю. Мұны естіп бәрі қуанып	Балалар тыңдайды
---	--	-------------------------

Жетекші-жөндеуші	кетті: — Бағанадан бері біз бостан-босқа таласқан екенбіз ғой! Кірпі алманы төрт бөлікке бөледі. Қоянға бір бөлігін беріп: — Бұл саған, Қоян — сен алманы бірінші көрдің! Екінші бөлігін Қарғаға беріп: — Бұл саған, Қарға — сен алманы үзіп алдың! Үшінші бөлігін Кірпі аузына салып: — Бұл маған, өйткені алманы ұстап алған — мен! Кірпі Аюға төртінші бөлігін беріп: — Бұл саған, Аю! — Маған, не үшін? — деп таңқалды Аю. — Сен бізге ақыл айтып, татуластырдың! — деді ол, риза кейіппен. Әрқайсы өзіне берілген алманың бөлігін жеп риза болды, өйткені Аю ешкімді ренжітпей дұрыс, әділ шешім шығарған еді. Ойын: «Өз орныңды тап». Шарты: музыкалық әуенмен бастарына көкөністер мен жемістердің суреті бейнеленген бас киімдер киген балалар әр түрлі қозғалыстар жасап, ойнап жүреді. Әуен тоқтаған кезде, көкөністер бақшаға, ал жемістер баққа барып орналасуы керек. Сергіту сәті: Шөліркемей гүл тұрсын, Жерім жайнап құлпырсын. Нұрын сыйлап біздерге, Көкте мәңгі күн тұрсын. Ортақ бізге туыстық, Нұр сыйлаған күн ыстық. Ыстық бізге кең өлке, Ыстық бізге тыныштық. «Алтын күз» әні орындалады	Ойын шартымен танысып, ойынды қызыға ойнайды Бірге қайталайды «Алтын күз» әнін орындайды
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: жыл мезгілдері туралы білімдерін тереңдетуді, сөздік қорларын байытуды

Түсінеді: Көкөніс пен жемістердің ажыратады

Қолданады: тақпақтар айтады, жыл мезгілі туралы өз ойын жеткізеді

Күні: 20.01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Ай неге жалаңаш қалды?» ертегісі

Мақсаты: Ай туралы түсінік беру. Балалардың логикалық ойлауын дамыту

Көрнекілігі: суреттер

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
---------------------	------------------------	-----------------------

Мотивациялық-қозғаушы	Балалар жұмбақ шешуге дайынсыңдар ма? Ендеше, тыңдайық Жұмбақ 1.Күндіз әйнегі сынады, Түнде орнында тұрады 2.Кейде орта, кейде толы бір тегене, Көрінер кейде күндіз, күнде түнде Бетіне ақ шоқыдан перде тартқан, Балалар, ойлап қара, бұл немене? Ай - жердің серігі. Ай Жерді айнала қозғалып жүреді. Ай жерге ең жақын аспан денесі. Ай мен жұлдыз болмаса, қараңғы түнде адамдар адасар еді Бүгінгі тыңдайтын ертегіміз	Жұмбақ шешуге қызығушылық танытады Жұмбақтың ж:ауабы: Ай Ай
Ұйымдастырушы ізденушілік	Ай неге жалаңаш қалды?- деп аталады Бірде ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Уәделескен шағында Ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты. - Иә, мен қателескен екем, - дейді тігінші. Сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, Ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді. Бұл жолы да көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты. Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екем ғой, - дейді. Айдың толыса беретініне түсінбеген тігінші. Сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі. Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің түтігінен асқанда келе жатқан топ-толық өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен . Айды көреді. Не істерін білмей, сасқалақтап тігінші басы ауған жаққа қаша жөнеледі. Ай ары іздеп, бері іздеп тігіншіні таба алмай қалады. Сол себепті, Ай көйлексіз жалаңаш қалыпты. Айға қатысты мақал үйренейік -Толған айды қолмен бұлғамайды -Ай мен күн әлемге бірдей -Жаңа айда жақсылық -Батыр ортақ, ер ортақ Күн ортақ, ай ортақ – Ай өзіне не тіктірмек болды? - Неге айдың көйлегі тар, қысқа болып қалды? - Неге тігінші айды көріп қаша жөнелді? - Ай неге көйлексіз жалаңаш қалды?	Ертегі тыңдаймыз Мақалдарды қайталайды Көйлек Өйткені,ай күннен күнге толыса бастады Көйлегі тағы сыймай қалды Өйткені ай дөңгелек болды
Жетекші-жөндеуші	Балаларды мадақтап, қорытындылау	

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: ай туралы түсінік алуды

Түсінеді: айдың күннен күнге толатынын

Қолданады: ертегі мазмұнын түсініп, өз ойымен айтады, жұмбақ шешеді, сұраққа толық жауап береді

Күні: 27.01.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Алтын балта» ертегісі

Мақсаты: Ертегілер туралы білімдерін толықтыра отырып, оқыған ертегідегі ойды түсіне білуге және баланың қиялының дамуына, еңбексүйгіштікке, адал болуға тәрбиелеу

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Слайдтан көріністер көрсетіледі. 1. Әр көріністі салыстырып, сұрақтар қойылады. - Суретте екі баланың бір - бірінен айырмашылығы қандай? Неліктен? - Еңбекқор бала бақшасын қалай күтуде? - Бақшаға өскен арам шөптерді жұлуда. - Жалқау баланың бақшасының жағдайы қандай? - Табиғаттың құбылысына балалардың іс - әрекеттері қандай? Әр баланың көңіл - күйі қандай? - Балалар орманға демалуға бара жатыр.. Жалқау баланың жағдайы не болды? - Соңғы суреттен жалқау бала қайсы?	- Сол жақтағы суретте еңбекқор бала, оң жақтағы бала кер жалқау бала Бақшаға өскен арам шөптерді жұлуда. Бақшада арам шөптер қаптап өскен. Бақшасы күтусіз қалған. - Еңбекқор бала шаттануда. Жалқау бала үйіне тығылуда Еңбекқор бала көңілді, ән салуда Ол өзеннің ортасына қойылған ағаштан өте алмауда. - Еңбекқор бала.
Ұйымдастырушы –ізденушілік	Оны қалай таныдыңдар? Ол өзгерді ме? Оның өзгеруіне көмектескен, жалқаулыққа мойымауға көмектескен кім? «Алтын балта». Ертегісін тыңдауға қалай қарайсыңдар? Ертеде бай мен кедей көрші болады.Кедей диірменге барса, байдың балтасын сұрап алады.Бір күнікедей диірменге барып балтасын ағып жатқан диірменге түсіріп алады. Ол диірменшіге балтамды алып бер дейді. Ол қолын диірменге салып бір алтын балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ, бұл менің балтам емес»- дейді.Диірменші екінші рет қолын салғанда ,күміс балтаны алып шығады. Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды. Кедей «Жоқ, бұл менің балтам емес»- дейді Сонда диірменші үшінші рет қолын салғанда ағаш балтаны алып шығады . Ол кедейден «Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды Сонда кедей «Ия, осы менің балтам» дейді.	

Жетекші жөндеуші	Сонда диірменші «Пейілің таза адам екенсің, сондықтан мына алтын балтаны ал!» - дейді Ол үйіне барып, не болғанын айтып береді.Балтаны ағып жатқан диірменге қалай түсіріп алғанын айтады.Бай кедейдің айтқанының бәрін қайталап істейді. Ол балтасын суға түсіріп, диірменшіге балтамды алып бер дейді.Сонда диірменші алтын балтаны алып шығады.Ол байдан « Мынау ма сенің балтаң?» деп сұрайды Сонда бай «Менің балтам!» - дейдіДиірменші оған «Өтірік айтпа,мынау сенің балтаң емес!» - деп өзінің ағаш балтасын береді . Сұраққа жауап береді. 1. Кедейдің суға түсіріп алған балтасы қандай еді? 2. Балта қайда барып түсті? 3. Диірменші не істеді, қандай балталар ұсынды? 4. Диірменші қартқа неліктен алтын балта берді? 5. Бай не істеді, байдың істеген ісі дұрыс па? . 6. Өмірде алтын балтаның болуы мүмкін бе? 7. Ертегі қалай аяқталды? Өтірікке қатысты қандай мақал-мәтел білесіңдер? Балаларды мадақтап, қорытындылау	Үн таспадан естиді Балалардың жауаптары тыңдалады Өтірік өрге баспайды Өтірік айтқан жерге көп тұрма. Өтірікшінің сөзіне нанба
--------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Еңбексүйгіштікке, адалдыққа, жақсы қасиеттерін бойға сіңіре білуді

Түсінеді: ертегіден өзіне ұнаған кейіпкерлерін атайды

Қолданады: Сурет бойынша әңгімелейді, сұраққа толық жауап береді

Күні: 03.02.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Тақырыбы: «Өтеш пен тоты» ертегісі

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіну,өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Құстар жайлы білімін кеңейту.

Сөздік жұмыс: Қораз, тотықұс.

Іс-әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Балалардың іс-әрекеті

**Мотивациялық-
қозғаушылық**

Жұмбақ жасыру.
Бұрап қойған сағаттай,
Айқайлайды таң атпай.

Жұмбақтың
жауабы:әтеш

(әтеш)

**Ұйымдастырушы-
ізденушілік**

Ертегі оқу: "Әтеш пен тоты"

Ерте, ерте, ертеде ешкі құйрығы келтеде,
аң мен құстардың ішіндегі ең әдемісі,
сымбаттысы әтеш болыпты.

Сондықтан ол өте тәкаппар екен. Жүріп
тұрса да маңғазданып, сылаңдай басады
екен. Қоқыраяды да жүреді. Бірде-бір
аңмен не құспен сөйлеспейді. Жалғыз
серігі Тотықұс болыпты. Тоты байғұстың
үстінде жөні түзу киімі де жоқ екен. Бір
күні тоты әлгі кербез әтешке келіп:

- Досым мен бүгін қонаққа бармақ
едім. Жөнді киімімде жоқ. Мына
түріммен қалай барамын. Мені
сенің досың деп білетін ел
мазақтайды ғой. Маған үстіндегі
әдемі киіміңді бере тұршы,-деп
қиыла жалыныпты. Әтеш досының

Ертегіні мұхият
қызығушылықпен
тыңдады

сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп тотықұс жасанып тұрып киініп алды да, қай мезгілде келетінін айтады.

- Егер мен кешіксем, дауыстап шақыр, дауысыңды естейін – дейді. Сөйтіп, Тотықұс әсем киініп тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды әтеш ол естісін деп үсті-үстіне шақырады. Ешқандай хабар болмайды.

Содан күні бүгінге дейін әтеш тотықұспен әдемі киімін іздеп, таң атысымен, күн батқанға дейін айқайлап шақыра береді екен.

Сергіту жаттығуы.

Қанатытымды жазамын,

Жоғары-төмен қағамын.

Биік көкте ойналып,

Жұлдыздай жылдам ағамын.

- ?

Блингвизм: Әтеш-петух, тоты-папугай
Боямақ бояйық.

Балаларды үш топқа бөліп, үлестірмелі материалдар тарату.

Ойын: "Ұшты-ұшты"

Мақсаты: баланы тез ойнатуға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету.

Шарты: ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек.

Мысалы:

Ұшты, ұшты қарға ұшты!

Ұшты, ұшты қалам ұшты!

Ұшты, ұшты кітап ұшты!

Ұшты, ұшты сауысқан ұшты!

- Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызмет ұнады ма?
- Ертегі не жайлы айтылды?

Құстарға қандай қамқорлық жасауға болады?

Әтеш қандай құспен достасыпты?

Тоты әтешке берген сөзінде тұрды ма?

Әтеш неге таң атысымен айқайлап қыра береді екен?

Орысша, қазақша сөздіктерді қайталады.
Суретпен жұмыс жасады.

Ойынға қызығушылықпен түгел ойнады

Сұрақтарға жауап береді

тотықұспен достасты. Жок тұрған жоқ.

Өйткені, ол тотыға берген киімін іздеп айқайлап шақыра береді

- Әтеш, тауық, күрке тауық, балапан.
- Құрт-құмырсқа, жем, дән тб

Балапан жұмыртқадан

Үй құстарына нелер жатады?

Құстар немен қоректенеді?
Құстардың пайдасы бар ма?

Құстардың баласы қалай аталады?
Құстар қалай пайда болады?
Олар тірі туады ма, әлде жұмыртқа басады ма ?
Жарайсыңдар!
Балалар, сендер бүгінгі оқу іс-әрекетке
белсенді қатыстыңдар

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Ертегінің мазмұнын білуді

Түсінеді: Құстар жайлы мағлұматты және суретпен жұмыс жасауды.

Қолданады: ертегі мазмұнын айтып береді

Күні: 10.02.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: « Қысқы баспана» ертегісі

Мақсаты: Балаларды оқылған ертегілер мазмұнын тәрбиешінің көмегімен өз беттерімен жүйелі түрде мәнерлі етіп, мазмұнын өзгертпей әңгімелей білуге, байланыстыра сөйлеуге, мінез-құлық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету

Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтары

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушы Ұйымдастырушы - ізденушілік	Балалар, қараңдаршы біздің топқа қандай әдемі шар ұшып келеді. Қызық, бұл шарды бізге кім жіберді екен? Қараңдаршы, қандай сиқырлы шар?! Бұл шарда байланған хат пен таяқша бар екен. Бұл хаттың мазмұнымен танысайық. Ертегіші атай сендерге тапсырма мен ертегі жіберіпті. Балалар, экран бетіне таяқшаны сермесем, сендерге ертегілерден көрініс көрсетеді Ал, сендер сол ертегіні тауып атын атайсыңдар. «Жыл мезгілдері», «Жыл басына таласқан хайуанаттар», «Ақымақ қасқыр» ертегілерінен суреттер көрсетіледі Жарайсыңдар, балалар, сендер дұрыс таптыңдар Ендеше, жұмбақтар жасырамын 1. Еріксе, құйрығымен ойнайды Зеріксе, ұйқыға бір қанбайды? 2. Қызыл бұжыр айдары бар, Қоқиланған айбары бар Ендеше, сендерді «Қысқы баспана» ертегісімен таныстырамын Ертеде Бұқа, қошқар, әтеш, мысық - бәрі орманды мекен етіпті Жазда орман іші қандай көңілді! Бұқа мен	Шарға таңырқай қарап, ондағы хат пен таяқшаны білуге қызығушылығы артады Сиқырлы таяқша көрсеткен ертегі кейіпкерлерін балалар табуға тырысады Мысық Әтеш Ертегіні тыңдайды

Жетекші-жөндеуші	қошқар шөпке кенеледі.Мысық тышқан аулайды.Әтеш жидек теріп, құрттарды шоқып жейді.Шошқа ағаштың тамыры мен жаңғағын жеп тамақ қылады. Бұл достар осылай рақат өмір сүреді. Жаз өтіп ,күз болады Орман іші суыта түседі.Бәрінен бұрын қыс қамын Бұқа ойлай бастайды. Ол қошқарға келіп: -Кел,достым, қыс қамын істейік, баспана жасайық,- дейді — Жарайды, құп болады,- деді қошқар Бұқа мен қошқар шошқаға келіп: -Жүр қорсылдағым, үй салайық,- дейді Шошқа да келісе кетеді, үшеуі келе жатып, мысыққа кездеседі -Амансың ба, мысықбай! Жүр бізбен бірге,қыс қамын жасап, үй салайық! Мысық та, әтеш те келісе кетеді Бұлар орман ішінен ыңғайлы жер табады.Бәрі бірлесіп жылы үй салады.Қыстық отын, жейтін тамақтарын да жинап алады.Қыс та келді.Қыс суық болғанымен, қыстық баспанасы бардостарға жылы көрінеді.Бұқа мен қошқар үйге төселгентактай еденде жатады.Шошқа тактай еденнің астына жайғасады.Мысық пеш үстінде пырылдап ,әтеш сырғауылға қонақтайды.Достар уайымсыз өмір сүре береді Орман кезіп жүрген аш қасқырлар жаңа салынған үйді көреді. Қасқырдың ішінде батылдау біреуі: - Бауырларым, мен барып, бұл үйде кімдер тұрып жатқанынбіліп келейін. Егер кешіксем, көмекке келіндер,-дейді. Қасқыр үйге кіріп келгенде, көзі бірден қошқарға түседі.Қасқырды көріп, зәресі ұшқан қошқар: - Мә-ә-ә!. Мә-ә-ә!. Мә-ә-ә!- деп маңырап қоя береді Әтеш қасқырды көріп, қанатын қағып: -Ку-ка-реку! – деп шақырады.ММысық пеш үстіненсекіріп түсіп: -Мияу! -Мияу! – деп мияулай бастайды Бұқа жүгіріп келіп,қасқырдың бүйіріне мүйізін қадап қалып - Мө-ө! -Мө-ө! -Мө-ө! – деп мәңгіреп жібереді Шошқа еденнің астынан атып шығып,қаһарлана қорс-қорс етіп: -Хрю! -Хрю -Хрю -Қайсыңды жейін?- дейді қасқыр Әрең қашып құтылып,зытып келе жатып, жолдастарына: -Ой, бауырларым, қашыңдар!- деп айқай салады. Қасқырлардың есі шығып, тым-тырақай қаша жөнеледі Сергіту сәті: Озып кетсең егерде, Қуана бер ,куана Ұстап алмай қоймайық. Кел, қошақан екеуміз Қуаласпақ ойнайық Орманда қандай аңдар өмір сүреді? Олар күзде не тұрғызды? Олардың үйлеріне нелер келді? Қасқырлар неден қорықты?	Қимылмен көрсетеді Сұрақтарға жауап береді Бірге қайталап жаттайды Балалар үйдің суретін салады
--------------------------------	--	---

	Бұқа, қошқар, әтеш, мысық қандай достар? Балалар бұлар қандай жануарларға жатады? Ендеше; мақал жаттайық «Береке түбі- бірлікте». Балалар, олардың достықтарының белгісі ретінде үй салып берейік	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігін ұғынуды

Түсінеді: Жануарлардың дауысын ажырата біледі

Қолданады: ертегі кейіпкерлерінің ойыншықтары арқылы ертегіні құрастырып, айтып береді

Күні: 24.02.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Бәсеке Бәйге » халық ертегісі

Мақсаты: Ертегіні сахналау. Театрландырылған әрекетті меңгеру, әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалауды үйрету.

Көрнекілігі: кейіпкер қуыршақтар

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық Ұйымдастырушылық ізденушілік	Балалар, сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр. Жұмбақ 1. Екі айнасы бар Екі найзасы бар Төрт жалтырмағы бар Бір шыбыртқысы бар Ол не? 2. Мінсең жалдей жүйткіді Көңілің таудай өседі Алып ұшар алысқа Ер қанаты деседі	Жұмбақты тыңдайды Жауабы : сиыр

	Шешуін кім табады? Бүгін балалар сендерге сиыр мен жылқы туралы Бәсеке бәйге ертегісін айтып берейін Ерте, ерте, ертеде кәдімгі сиыр елден жүйрік болыпты. Жүйрік болғанда да төрт аяқтының ешқайсысына жеткізбейді екен. Бірақ тым мақтаншақ болғанға ұқсайды. Күндердің бір күнінде сиыр арғымаққа жолығады. Сиырда шаруасы жоқ арғымақ өз бетінше шөбін жеп, жайыла береді. Сиыр арғымақтың сөзін елемегеніне намыстанып: -Менің кім екенімді білесің бе?- дейді танауы делдиіп: -Мен жер бетіндегі ең жүйрік сиырмын! – деп мақтанады -Жақсы жүйрік болсаң бола бер,- дейді арғымақ қарсы келмей - Мен сенен де жүйрікпін – дейді мақтаншақ сиыр -Нанбасаң жарысайық! Жарысқа аң патшасы арыстанның өзі төреші болады. Жарысатын қашықтық белгіленеді. Екеуі мәре сызығына келіп тұрады. Белгі бергенде ауаны мол жұтып, танауы делдиген сиыр, құйрығын көкке шаншып алып, ә дегенде алға шыға жөнеледі. Сиырды өкшелеп арғымақ та келе жатады. Жарыс қзаққа созылады, ақырында шөлдерін басып, сәл тынығуға болатын бұлаққа жақындайды. Арсытан бұлақтың қайда екенін көрсету үшін жол бойына суырды тұрғызып ояды. Бірінші болып жеткен сиыр суырға -Суыр сасық, су қайда?- дейді Сиырдың мына дөрекі сөзіне суыр қатты өкпелеп қалады. Содан оған бұлақтың орнына лай суды көрсетеді. Сиыр сасық суды ішіп алып, зымырай жөнеледі. Көп кешікпей арғымақ та жетеді -Суыр сұңқар, суды қайдан ішуге болады?-деп сұрайды Ертегіні тындап тамашалайды Таныс ертегіні ролдерге бөліп сахналайды Ойынға қатысады. Суыр оған мөлдіреген бұлақты көрсетеді. Өзі мөлдір, өзі салқын бұлақ суына қанып алған арғымақтың бойына ерекше күш бітіп, құстай ұшып, зымырайды. Лай су ішкен сиырдың күші азайып, аяғы тәлтіректей бастайды. Ал арғымақ болса сиырды басып озып, көмбеге бірінші жетеді. Сөйтіп, мақтаншақ дөрекі сиырдың жолы болмайды. Сол кезден бастап, ең жүйрік жануар атынан айырылады. Жай ғана шалғында жайылып жүретін болады Балалар ертегі ұнады ма? Ендеше сендерге сұрағым бар? -Сиыр неге мақтаншақ болыпты? -Сиыр неге жолығады?	Шешуі: жылқы Ертегіні тыңдайды
--	---	--

Жетекші – жөндеуші	--- -Жылқы сиырға не дейді? Сиыр жылқыға қандай талап қояды? -Оларға қандай аң төрелік етеді? -Суыр неге сиырға лай суды көрсетті? -Жылқыға қандай суды көрсетті? Қалай ойлайсындар егер сиыр да салқын,таза суды ішкенде қайсысы бірінші мәреге жетер еді? Сергіту сәті: «Боз жорға» Ертегі сендерге түсінікті болса, ертегіні ролдерге бөліп сахналап көрейікші Балалар сиыр, жылқы туралы кім тапқақтар Жылқы туралы Құлдыр-құлдыр құлыншақ, Тынымсыз бір ұрыншақ Ұршықтай боп бұлтылдап Жұмыр жоның жылтылдап Балалар жылқыға байланысты қандай қазақтың ұлттық ойындарын білесіңдер? Балалар қазақ халқы жылқы малын жоғары бағалаған Оның қымызы өте құнарлы,қылы арқан, оны жіп ескенде өте мықты болған. Жылқы –ердің қанаты деп атайды Ал, сиыр сүтімен, айранымен, ірімшігімен ,құртымен ерекшеленеді. Бұлар үй жануарына жатады. Төрт түлікке қатысты қандай тыйым сөздерді білесіңдер? Өзін - өзі мақтау мен өзін- өзі дәріптеу — адамды ақымақ көрсетеді. Сондықтанда өзіңді өзің мақтама, бірақ бар күшіңмен мақтауға лайық әрекет жасауға тырыс деп бүгінгі қызметімді қорытындылаймын	Балалардың жауаптары Ертегіні сахналайды Қимылмен билейді Ыстық- -ыстық сүт ішсең Дәмі кетпес таңдайдан Бой жадырап кенеттен Буы шығар маңдайдан Малды бақсаң, сиыр бақ Сүт кетпейді шарадан «Көкпар », «теңге алу», «аударыспақ», «қыз қуу» Малды жекіп ұрсуға болмайды Малды аяқпен тебуге болмайды Мал қораның ішінде не сыртында ысқырмайды Қатарларының әрекетіне өз пікірлерін айтады
----------------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: таныс кейіпкерлер бойынша қойылымдарды сахналауды

Түсінеді: өзін-өзі мақтау дұрыс еместігін

Қолданады: өз ойын айта алады, басқалардың пікірін тыңдайды.

Күні: 03.03.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Дос іздеген Бота» ертегісі

Мақсаты: «Дос» және «достық» деген ұғымды терең жеткізе отырып , достық сезімін қалыптастыру мақсатында бір- бірін сыйлауға, қадірлей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: теледидар, суреттер

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Балалар сендерге Қадыр Мырза Әли ағамыздың «Екі дос» өлеңін оқып берейін Шекісек те екеуміз, Үйге жылап қайтпаймыз. Сөзімізге бекембіз, Анамызға айтпаймыз. Естімесе өздері, Айтып қанша қажеті? Біліп қойса біздерді Ойнатпайды бір жеті. -Балалар, біз бір-бірімізбен қандай болуымыз керек? - Ал балалар сендер өмірдегі сырды, бөлісетін, әркез қасымызда бірге ойнайтын, көмектесетін, қиын кезде қастарыңнан табылатын кім? -Жарайсыңдар, ол- «дос». Дос дегеніміз- арқа сүйер адамың. Балалар айтыңдаршы сендердің достарың бар ма? -Демек, досты ешқашан сатпау керек, бірге күліп, бірге ойнау керек, сыйлап қадірлей білу керек. Балалар сендерге ертегі тыңдау ұнай ма?	Өлеңді тыңдап,бір-бірінің алақандарын қысады
Ұйымдастырушылық ізденушілік	- Ендеше сендерге «Дос іздеген Бота» деген ертегіні тамашалайық. - «Ерте, ерте, ертеде боталы түйе болыпты. Ол өзінің жібек жүнді сүйкімді баласына мейрімділікті, адалдықты үйретіпті. Мөлдір көзді бота ақылды болып өседі. Бір күні анасы: -Боташым, мен саған жақсы достан басқасының бәрін бердім. Енді тура өзің сияқты дос тап. Доссыз өмір қиын, әрі қызық емес,-дейді. Бота өзіне ұқсайтын жалт-жұлт еткен жүні бар, жағымды үні бар дос іздеп шығады. Жайылып жүрген құлынды көріп: -Бө-ө-ө, мен дос іздеп жүрмін деп бота боздайды. -Иh-h-һи, кел екеуміз дос болайық,-деп құлын кісінейді. -Жоқ, сен сияқты дос емес – дейді бота күлімдеп. -Мүмкін бұзау болар,-деп құлын ботаны шығарып салады. Сөйтіп бота боздап: бұзауға,қодыққа, қозыға, күшікке, мысыққа әтешке, қарғаға, бақаға, аяғында араға келеді.- деп боздайды. Бота араға келіп: -Бө-ө-ө, мен дос іздеп жүрмін. -З-з-з-зз,-кел, екеуміз дос болайық,- деп ара ызылдап қуа жөнеледі. Бота арадан зорға қашып құтылады. Басы салбырап, шаршап бота өз анасына келеді. Анасы: -Дос таптың ба?-деп сұрайды. -Жоқ анашым, сенбесеңіз көктегі күннен сұраңыз. Тура мен сияқты ешкім жоқ екен,- дейді.	- дос балалардың жауабы ертегіні тыңдауға қызығушылығын білдіреді

	Анасы жымышп: -Өзің сияқты дегенім, адалдығыңды айтқам, боташым. Досты жан тазалығымен тандау керек, - деді. Бота қуанып , адал достары құлынды, бұзауды, қодықты, қозыны, күшікті, мысықты, әтешті, қарғаны, бақаны ертіп келеді. Ал араны сабырсыздығы үшін қоспаған екен» Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар: - Ертегі ұнады ма? - Түйе ботаны қалай тәрбиеледі? - Бота өзіне не іздеді? - Ол өзіне қандай достар тапты? - Араны неге дос қылмады. Сөздік жұмыс: бота, бұзау, құлын қозы, қарға, әтеш, бақа, ара. · -Кім достық туралы мақалдар біледі? - Ойын: «Досыңа көмектес» Шарты: кубиктерді бірінен соң бірі жерге қойып арасы 30 см, екі топқа бөлініп, кубиктердің үстімен жүріп өту керек. Кубиктерден өтіп келе жатқан екі жақтың балалары бір- бірін құлатпай қолдарынан ұстап өтеді. - Жарайсыңдар балалар, енді кім «дос» туралы тақпақ біледі - Жағдайларды шешу: 1. Топта екі бала ойыншыққы таласып төбелесіп қалса, сен не істер едің? 2. Досың ойнап жүріп құлап, бір жерін ауыртып алады, сен не істейсің? 3. Саған анаң үш ойыншық машина сатып алып берді, сол ойыншықты сен балабақшаға алып келдің, достарың сенімен бірге ойнауын өтінді, сен не істейсің? Сергіту сәті: Досым, досым жан досым, Неге сонша шаршадың. Кане ұста қолымнан, Секір, секір, секірші, Бір серігіп аларсың! - Жарайсыңдар балалар енді досымызды қуанту үшін сыйлық ретінде досымызға сурет саламыз- Балалар біздер бүгін қандай ертегімен таныстық? - Достық туралы мақалмен қорытындыласақ Досы барда жау алмайды.	Балалардың жауаптары «Жүз ақшаң болғанша, Жүз досың болсын» «Доссыз адам, Тұзсыз тағам» Ойын 2-3 рет ойналады Достық керек өмірде, Ашық сырлы көңілде. Дос жолдасың болмаса, Өмір сүру жеңіл ме?» Досыңды дос деп санасан, Дос көңілін қалдырма. Досыңды сыйлап, Дұшпаныңа, еш сырынды асырма. балалардың жауаптары қимылмен көрсетеді балалар суреттерін салып достарына сыйлайды
--	---	--

Жетекші-жөндеуші	Достықты сатпайды, Аққуды атпайды. Жүз теңгең болғанша, Жүз досың болсын Міне, балалар, достық туралы мақалдарды әрдайым есте ұстандар . Мадақтау,қорытындылау	Дос іздеген бота
--------------------------------	---	-------------------------

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын, аттарын ажырата алуды

Түсінеді: ертегіні мазмұнын, байланыстыра сөйлеуді , сөздерді толық, дыбыстарды анық айтуды

Қолданады: Қиын кезде бір - біріне көмекке келуді біледі , сұрақтарға толық жауап береді, рөлдерге бөлініп ойнайды.

Күні: 10.03.2022ж

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Алдаркөсе мен бай» ертегісі

Мақсаты: Көркем шығарманың мазмұнын зейін қойып тындауға үйрету. Халық ауыз әдебиетінің туындыларын түсіне білуге қызығушылығын арттыру. Ертегі тындау қабілеттерін қалыптастыру, сөздік қорын , байланыстырып сөйлеу, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Қайырымдылыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Іс-әрекет кезендері	Тәрбиешілердің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеттері
Мотивациялық Қозғаушылық Ұйымдастырушы-ізденушілік	Ой қозғау «Ертегілер әлемі» өлеңін жіберіп балаларға тыңдату. • Балалар, өлең не туралы? • Ертегі туралы. • Дұрыс айтасындар, ертегі туралы екен. Ал сендер қандай ертегілерді білесіңдер, есімізге түсіріп көрейікші? Слайдтан ертегілер көрсету. - Бұл ертегіде қандай кейіпкерлер бар? - Ал бұл ертегіден біз нені ұғындық, қандай қасиеттерді бойымызға сіңірдік? Ішке жүгіріп жаршы бала кіреді: - тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, әлемде бір қызық болыпты. Біреу бір ақымақ байдың тоны мен астындағы атын алдап алып кетіпті. - Балалар, сендер білесіңдер ме кім екенін, кім туралы айтып тұрғанын. - Ал білмесендер мен сендерге бір жұмбақ жасырайын. Мүмкін содан кейін естеріңе түсер. Өлсіздерді жақтайды, Сарандарды алдайды Шайтанды да алдады	әнді тыңдайды Тырна мен түлкінің достығы бірге болуды.

Мотивациялық Қозғаушылық

Ой қозғау

«Ертегілер әлемі» өлеңін жіберіп балаларға тыңдату.

- Балалар, өлең не туралы?
- Ертегі туралы.
- Дұрыс айтасындар, ертегі туралы екен. Ал сендер қандай ертегілерді білесіңдер, есімізге түсіріп көрейікші?

Слайдтан ертегілер көрсету.

- Бұл ертегіде қандай кейіпкерлер бар?
- Ал бұл ертегіден біз нені ұғындық, қандай қасиеттерді бойымызға сіңірдік?

Ішке жүгіріп жаршы бала кіреді:

- тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, әлемде бір қызық болыпты. Біреу бір ақымақ байдың тоны мен астындағы атын алдап алып кетіпті.
- Балалар, сендер білесіңдер ме кім екенін, кім туралы айтып тұрғанын.
- Ал білмесендер мен сендерге бір жұмбақ жасырайын. Мүмкін содан кейін естеріңе түсер.

Әлсіздерді жақтайды,
Сараңдарды алдайды
Шайтанды да алдады

Балалардың іс- әрекеттері

әнді тыңдайды

Тырна мен түлкінің
достығы
бірге болуды.

	Білесіндер ме? - Алдарды -Дұрыс айтасындар, бұл Алдар көсе. Алдаркөсенің әкесі бай адамдар алдап кете беріпті. Әкесі өте аңқау, сенгіш, қолы ашық адам болған екен. Ашынған әкесі Алладан ұл тілепті.Өйткен оның баласы болмаған екен Сөйтіп жүргенде ұлды болып, баланың атын Алдар деп қойыпты «Менің байларда кеткен өшімді алып берсе екен » деп тілепті Шындығында Алдар өскенде байлардың қарапайым адамдарға жасағанқиянатын көріп, оларды алдаудың жолын қарастырыпты. Ол есейе келе оған сақал мұрт шықпапты Сол себепті Алдар атына «көсе» деген атты қосып, Алдаркөсе атаныпты Алдар көсе әлсіздерді жақтаушы, ел үстінен күн көруге машықтанған жемқор саудагерлер мен дүмше молдаларды, сараң байларды аямай алдап соғып, келеке етуші болған. - Балалар бүгінгі оқу қызметімізде «Алдаркөсе мен бай» ертегісін тыңдаймыз - Ал сендер ертегі көргілерің келе ме? - Ендеше, жаршы бала, сен де бізбен бірге отырып тамашалауға қалай қарайсың <i>Аудио-ведиозапись көріп тыңдау.</i> Ал, балалар енді осы ертегіні тыңдайық. -Балалар, ертегі кім туралы? - Алдаркөсе қандай адам? - Алдаркөсе келе жатып кімге кездеседі - Байды қандай адам деп ойлайсындар? - Бай Алдарға не деді? - Сен, немене тоңған жоқсың ба, үстіндегі тоның шұрық – тесік? -Алдар көсе не деп жауап берді? - Тоңсаң, сен тоңған шығарсың? Менің тонымды киген кісі үнемі қыз-қыз қайнап жүреді дейді. Бір тесіктен кірген суық екінші тесіктен шығып кетеді. Ал жылу менің бойымда қалады. Байдың үстіндегі киімі қандай? - - Алдаркөсенің киімі қандай еді? - Оның арманы не болатын? Ол арманына жетті ме? Белингвистикалық компонент: Тон-шуба, тымақ- ,шұрық-тесік - дырявый	Алдарды Алдар туралы түсінік алады Иә, көргіміз келеді. балалар ертегіні көріп, тыңдайды Алдаркөсе қу,мейірімді, ақкөңіл байға сараң, жалқау, алыпсатар Сұрақтарға жауап берді - Байдың үстінде қалың тон, басында түлкі тымақ, астында жүйрік ат. - Алдаркөсенің үстінде шұрық-тесік тон, басында жұқа телпек, астына мінгені арық ат. Байдың қалың тоңын алдап өзіне
--	--	---

Жетекші жөндеуші	Кәнеки ,балалар біраз отырып қалған болармыз, бойымызды сергітіп алайық. Сергіту сәті: Мен Алдармын, Алдармын, Сақалыңды талдармын. Сақал түгіл, мұртта жоқ, Мендей қулық елде жоқ. Мен көсемін, көсемін Сусыз жерде өсемін Өтірікті бөсемін Сондықтанда көсемін. . - Балалар, қалай бір сергіп қалдық па. Енді орындарыңа отыра қойыңдар. - Балалар бүгінгі тақырыбымызға байланысты (байлық, жомарттық, сараңдық) туралы мақал-мәтелдер айтайықшы, кәне кім біледі? Ойын: «Кім тапқыр?» -Балалар бүгінгі ертегі сендерге ұнады ма, егер ұнаса қорытындылап жіберейік. - Балалар, қазіргі таңда бай да ,жарлы да жоқ. Адамдардың бәрі сауатты, білімді. Бәрі бір-бірімен дос-бауыр. Ендеше, «Дос болайық бәріміз» өлең жолдарымен бүгінгі оқу-қызметімізді аяқтайық. Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр сәніміз, Тыныштықты сақтаймыз Атсын күліп таңымыз	алу. Оның арманы орындалды Барлығы бірге айтады 1. Бай аузында семіз сөз. 2. Қасекенінді қабағыңнан танимын, Сараң екенінді табағыңнан танимын. 3. Қолы ашықтың, жолы ашық. 4. Бай – балпаң келер, Жарлы – жалаң келер. 5. Сараңның қолы қалтырауық. Достық туралы шумақтарды бірге айтады
--------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Жақсы мен жаманды ажырата білуді; Алдардан жомарттықты , ақылдылықты үйренуді,

Түсінеді: байдың сараң, жалқау, алып -сатар екенін;

Қолданады: Алдар көсенің мультфильмдерін біледі, түсінеді; мақал-мәтелді қайталап айтады

Күні: 17.03.2022ж

Білім беру саласы:Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Қожанасыр туралы әңгімелер.

Мақсаты: Қожанасыр туралы түсінік беру .Қожанасыр туралы әңгімелермен

таныстыру, түсініктерін кеңейту. Рольге бөліп орындау арқылы адамгершілік, еңбек сүйгіштік, ізденімпаздық, тапқырлық қасиеттерін дамыту.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық Ұйымдастырушы-ізденушілік	Ұнтаспадан күлкі естіледі -Балалар біз бүгін күлкі әлеміне аттанамыз. Біз Алдар көсе мен Қожанасырдың қызықты әңгімелерін естігенде еріксіз күлеміз. Қожанасыр кім? Қожанасыр адам бойындағы жаман қасиеттерін әшкере етіп, дәл тауып, шешен сөздерімен жеткізген. Оның әңгімелері адамды күлдіріп қана қоймайды, жақсы мен жаманды ажыратуға тәрбиелейді Қожанасыр . Ендеше, балалар бүгін Қожанасырдың қызықты хикаяларын оқып беремін «Көлігі, серігі есегі» Күндердің бір күні Қожанасырға әкесі есекті суарып келуді тапсырады. Оған Қожанасыр: – Жоқ, бара алмаймын, – депті. – Ие, неге? – Ернім жарылып кетіпті, - деп жауап беріпті Қожанасыр. Әкесі ашуланып: – Есекті суаруға еріннің қандай қажеттігі бар? – деп жекіпті. Сонда Қожанасыр: – Есек су ішіп тұрған кезде мен «ішт-ішт» деп ысқырып тұруым керек емес пе? – депті. «Қожанасыр мен би» Бір бидің сиыры Қожанасырдың еккен егінін жеп қойыпты. Қожанасыр бидің өзіне барып: – Биеке-ау, бөтен біреудің сиыры екінші біреудің еккен егінін жеп тауысса, оның үкімі не болады? – депті. Би үлкен сары тысты кітабын қолына алып, ашып көріп: – Сиырдың иесі шариғат жолы бойынша желінген егіннің құнын төлейді, – депті. – Олай болса, сіз егіннің құнын төлеңіз, сиыр сіздікі де, егін біздікі, – депті алақанын жайып. – Иә, солай деңіз! – деп ойланып тұрып, қолындағы сары түсті кітапты былай қоя беріп, басқа бір кітапты алып бетін аша беріпті. Сонда Қожанасыр: – Ашпай-ақ қойыңыз, тақсыр би, сіздің сиырыңыз менің егінімді жегенше, қолыңыздағы көк кітапты жесе, анағұрлым тәуір болатын еді, – депті. «Қожанасырдың	Ұнтаспадан күлкі үнін есітіп, балалар қуанышқа бөленеді Қожанасыр туралы түсінік алады Әңгімелерін тыңдайды

Жетекші-жөндеуші	есегі» Күндердің күнінде жоғалып кеткен есегін іздеп жүрсе, алдынан бір құрдасы жолығыпты. Қожанасыр: – Менің есегімді көрдің бе? – деп жоқ қарап жүргенін айтыпты. – Ия, көрдім. Есегің мынау бір қаладағы мешітке сопылық міндетін өтеп жүр, - депті. Қожанасыр: – Дұрыс, дұрыс, мен де оған жастайынан құлағынан сыбырлап «сопы боларсың» деуші едім,– деп Қожанасыр есегін қайтып іздемей құрдасымен бірге кете беріпті. «Қожанасыр мен баласы» Қожанасырдың баласы құдық басында отырып нан жепті де, құдыққа нанын түсіріп алып, айқайлап жылай беріпті. Үйден жүгіріп шыққан Қожанасыр: – О, не болды, не болды? – депті. Баласы солқылдап жылап: – Наным құдыққа түсіп кетті,– дейді. Қожанасыр құдықтың түбіне үңіліп, суға түскен өзінің суретін көреді де ашуланып: – Жас баланың нанын тартып алып жегенше, өле қалсаң болмай ма? – деп жерді бір теуіп, жүре беріпті Балалар біз дәл тауып айтылған сөздерін тыңдап күліп алдық Енді бір сергіп алайық «Көңілді күн» әуені Қожанасыр мен Алдардың қандай ұқсастықтары бар, балалар? Екеуі де кедей болған қалық оларды жақсы көрген Алдар байларды жазалау үшін алдаған.Қожанасыр адамдарды алдамайды ол өзінің сөзімен, іс-әрекетімен халықты күлкіге бөлеген Балалар біз енді Қожанасыр мен Алдар көсені білетін болдық Тыңдағандарың үшін сендерге алғысым мол	Балалардың жауаптарыҚожанасыр ақкөңіл, ешкімге зияны жоқ, Алдар байларды алдап, қарапайым адамдармен бірге болған
--------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жанғыртады: Қожанасыр туралы түсінік алуды

Түсінеді: Жақсы мен жаман қасеттерді ажырата білуді

Қолданады: Алдаркөсе мен Қожанасырдың ұқсастықтарын ажытады, өз ойын жеткізеді

Күні: 31.03.2022ж

Білім беру саласы:Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Сауысқан мен көкек» ертегісі

Мақсаты: Балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыру, құстарды қорғауға, қамқоршы болуға, құстардың тіршілігі мен пайдасы туралы түсінігін кеңейту

Көрнекілігі: суреттер

Іс-әрекет кездері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық Ұйымдастырушылық-ізденушілік	Шаттық шеңбері Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүйеміз. Біз талапты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан Балалар сендермен оқу қызметтерімізде өтілген ертегілермен танысқанымызды еске түсіріп алайықшы Ол үшін мына суреттерден ертегі кейіпкерлерін атап тақтаға іле қойыңдаршы Бүгінгі ертегі кейіпкерлеріне қатысты жұмбақ жасырамын 1.Қайталап атымды Ән салып айтамын Кез-келген ұяға Жұмыртқа саламын 2. Ала шапан кигені Сескенгіш болған соң Қыпылықтап жүреді Ол не? Сауысқан ала қанатты,ұзын құйрықты құс. Ол өте сақ. Денесінің көп бөлігі қара,, тек кеудесі ақ болады. Құрт-құмырсқа аздап шөп жейді Көкек орман құсы, түсі -сұр болады. Көкектің өзі ұя жасамайды.Басқа құстардың ұясына жұмыртқалап кетеді Көкек пайдалы құс. Көкек жұлдық құрттарды жейді Құстарға қатысты қандай тыйым сөздерді білесіңдер?. Сауысқан мен көкек Ертеде сауысқан мен көкек бір орманды мекендепті. Олар ұялары болмай, ағаштың бұтақтарын паналап күнелтіпті. Көкек күнде ерте тұрып алып: «ұя керек», «ұя керек», - деп, көршілерінің мазасын кетіреді. Бір күні сауысқан көршісіне: – Екеуіміз бірігіп бірік ұя істейік. Әуелі саған, содан кейін маған салармыз, - дейді. Көкек: – Менің ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ. «Керек, керек» деп қақсай берсем, құстың бәрі ағайыным, көп болып көмектесіп, ұя салып берер, - деп келіспейді. Сауысқан көкектің көмегін күтпей–ақ, ұя салуға кірісті. Ұяның астына мамықтан төсек төседі. Ал көкектің «керек, керек» деп қақсай – қақсай даусы қарлығып, тілі	Балалар шаттық шеңберін құрып, тілектерін білдіреді Суреттерден ертегі кейіпкерлерін тауып атап,тақтаға іледі Жұмбақтың шешуі: көкек сауысқан сауысқан мен көкек туралы түсінік алады 1. Құстың ұясын бұзба, Жұмыртқасын жарма. 2. Жұмыртқасы мен балапаны бар ұяны бұзба. 3. Аққуды атпа. Ертегіні тыңдайды

Жетекші-жөндеуші	сақау болды. Ол кейінгі жылдарда «керек» дегендегі «р» - ды айта алмай, «керек» деудің орнына «көлек, көлек» дейді. Сондықтан жұрт оны кекетіп «көкек» деп атайтын болды. Сол көкектің күні бүгінге дейін өзімдікі деген ұясы да, үйіші де жоқ. Сергіту сәті Бір, екі, үш Қане, қанат қағамыз Бір, екі, үш Құсқа ұқсап ұшамыз Бір, екі, үш Жинап алдық күш –Ертегіде қандай құстар болды? -Олардың несі болмады? Сауысқан көкекке қандай кеңес берді? Көкек не деп жауап береді? Сауысқан ұяны қалай салды? Көкекке не болды? Құстар-біздің досымыз.Құсты қорғап ,қамқор болуымыз керек Ендеше, сауысқан мен көкектің суретін бояйық Балаларды мадақтап,қорытындылау	Қимылмен көрсетеді Сауысқан мен көкек ұясы болмады Бірігіп ұя салайық деді Ұя салатын қуатым да, құралым да жоқ деді. Сауысқан ұясын берік салады ұясы да, үйіші де жоқ. құстарды бояйды
--------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Жанғыртады: сауысқан мен көкектің ерекшелігін білуді

Түсінеді: Тыйым сөздерді біледі

Қолданады: сауысқан мен көкекті салыстырады, ертегі мазмұнын өз сөзімен жеткізеді

Күні: 07.04.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Ы.Алтынсариннің Тазша бала ертегісі

Мақсаты: Балаларды ойлау, пайымдау қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберлігіне, ой ұшқырлығына баулу, жамандықтан аулақ болып, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Кешірімді боламыз, Жұлдыздай боп жанамыз. Кішіпейіл боламыз, Құстай қанат қағамыз. Балалар сендер	Бірге тілектерін білдіреді

Ұйымдастыру шылық-ізденушілік	Алдаркөсе мен Қожанасырды білесіңдер Алдаркөсе кім болған? Қожанасыр туралы не білесіңдер? -Ал, бүгін Тазша баламен тансатын боламыз. Тазша бала - қазақтың күлдіргі тұрмыс-салт ертегілеріндегі басты кейіпкер. Ол ақылды, алғыр, айлалы, тапқыр, өжет жігіт ретінде суреттеледі. Өзі кедей болған байларды халық алдында күлкі, <u>мазақ</u> ететін кейіпкер болып табылады. Ендеше, Тазша бала ертегісін оқып берейін. Ерте заманда бір тазша баланың әке-шешесі өліп, жетім қалыпты. Күндерде бір күн тазша базарды аралап жүрсе, мұңайып отырған бір шалды көреді. Тазша шалдың қасына келіп отырады. Шал: – Не қылып жүрген баласың? – деп сұрайды. Сонда тазша: – Баласы жоққа бала болайын деп жүрмін, – дейді. Шал: – Ендеше, балам жоқ еді, маған бала бола ғой! – деп, тазшаны ертіп, үйіне алып келіпті. Бір күні шал тазшаға: – Анау көрінген ағаштың басында ақ сары деген құстың ұясы бар, сол ұяда құстың жұмыртқасы бар. Сен барып құсқа білдірмей, астынан бір жұмыртқасын алып келші, – дейді. Тазша: – Жарайды, – деп, жүгіріп барып, ағаштың бұтақтарын сылдыратпастан басына шығады да, құсқа білдірместен бір жұмыртқасын алып келіп, шал әкесіне береді. Сонда шал: – Енді жұмыртқаны апарып, құсқа білдірместен, ұясына салып келе қойшы, – депті. Тазша: – Жарайды, – деп жұмыртқаны апарып, құсқа білдірместен, ұяға салып келіпті. Сонда шал: – Жарайсың, балам! Қолыңнан іс келеді екен, – депті. Бір күні тазшаға өгей әке-шешесі: – Анау көрінген үйде өздері бай және өлгенше сараң бір шал мен кемпір бар. Үйіндегі мол тамақтан өздері де жарып жемейді, кісіге де нәр татырмайды және түнде жатқанда екеуі қаптағы құртын басына	Алдаркөсе қу, мейірімді, ақкөңіл Қожанасыр өзінің сөзімен, іс-әрекетімен халықты күлкіге бөлеген Тазша туралы мәлімет алады Ертегіні тыңдайды 
---	---	---

жастанып, қарындағы сары майын қойнына алып жатады. Солардың жұмысын табаным тесіліп, талай істесем де, жарытып ақы бермеді, ауыз толарлық тамақ та бермеді. Сонда көп ақым кетіп барады. Мені әке десең, оған кеткен ақым үшін сол қу, сараң шалдың қойнына тығып жатқан сары майын алып келші, – дейді.

– Жарайды, – дейді де, тазша түнде жұрт ұйқтаған уақытта барып, кемпір мен шалдың үйіне кіріп, екеуінің аралығына жата қалып, кемпірдің даусына салып: «Әрі жат!» – деп, шалды шынтағымен бір түртіп, бір уақытта шалдың даусына салып: «Әрі жат!» – деп, кемпірді шынтағымен бір түртіп, ақырында сары майын алып жөнеліпті. Артынша, ұзамай-ақ майды жоқтап, шал шығыпты. Шалдың өзі де жасында бір қу тазша екен: «Пәленше шалдың асырап алған бір тазша баласы бар еді, сол алып кеткен шығар», – деп, орнынан тұра сала жүгіріп, тазшаға көрінбей, бір жағыменен оның үйіне бұрын жетіп, қолына бір шелек алып, тазша үйіне кіре бергенде, кемпірдің даусына салып, шелекті тазшаның қолына ұстата береді де:

– Шырағым, майды маған бер де, мынау шелекпен бір шелек су әкеле ғой! – дейді. Аңқау тазша бөтен адам екенін аңғармай, майды беріп, шелекті ала сала жүгіріп, суға кете беріпті. Шелекпен суды алып келіп, шешесіне:

– Мә, су! – деп, берсе, шешесі:

– Мен саған су әкел дегенім жоқ! Май әкел демедім бе? – дейді.

Тазша алданғанын біліп: «Майдың иесі қу неме екен, майын өзі алып кеткен екен, мен де жетейін! Қайсымыз басым екенбіз?» – деп жүгіріп кете береді.

Шалдың көзіне түспей, төтелеп барып, бұрын жетіп, басына бір ақ жаулықты орай салып, шалдың алдынан айқай салады:

– Тілеуің құрғыр, шал, қайда кетіп едің?.. Қоралы қойыңды қасқыр қуып кетті. Жүгіріп жетіп, жылдамырақ қайырып, айдап кел! Болмаса, қасқыр қырып кетеді! – дейді.

Тазшаның кемпір даусына салып, сөйлеген сөзіне шал нанып, қолындағы сары майды:

– Ал, мынаны! – деп, лақтырып тастап, қойларын іздеп жүре беріпті. Тазша бала шалды алдап жіберіп, майды алып, үйіне келіпті. Манағы шал о жақ, бұ жаққа жүгіріп, қойдан дерек таба алмай, шаршап, сандалып,

Жетекші-жөндеуші	қайтып үйіне келіп қараса, қойлары ап-аман қорасында жатыр. Шал байғұс алданғанын енді біліп: «Қап! Өзім де жас уағымда осындай қулықты көп істеп едім, қартайғанда алдыма келгені ғой!» –деп, ерте тұра сала, тазшаның әкесіне айтыпты: – Сенің тазшаң менің бір қарын сары майымды алып кетті, майымды қайтарып бер! Болмаса, тазшанды сөзсіз өлтіремін! – депті. Сонда тазшаның әкесі бұл шалға: – Мен майыңды көргенім жоқ! Егер анық тазшаның алғанын сезген болсаң, не қылсаң, о қыл, мен ара түспеймін, – депті. Майын алдырған шал қолына бір өткір балта алып, жұрттан жасырынып, көп қорымның арасына барып, бір тесілген қабірдің ішіне кіріп, жасырынып жатыпты. Бұл шалдың кемпірі еш нәрсе сезбеген кісі болып, манағы тазшаны шақырып алып: – Шырағым! Көп қорымда әкемнің моласы бар еді. Соған мына нанды апарып, құран оқып, жеп келе ғой, сенен басқа балаларға сенбеймін, – депті. Тазшаның ойына қапелімде еш нәрсе түспей: – Мақұл! –деп, нанды алып, кете беріпті. Молаға барып, құран оқып, нанды жеп отырғанда, көрдің тесігінен бір шал арбаңдап шыға келеді. Қолында балтасы бар. Кәдімгі аңдысып жүрген шалы екенін тазша тани кетеді. Тазша оңайлықпен өле қойсын ба? Шалдан бұрын қам қып, қолындағы балтасын жұлып алып, шалдың өзіне дүрсе қоя беріпті. Шал жалынып, әзер құтылыпты. Балалар ертегі ұнады ма? -Өтірік айту, алдау дұрыс па? - Тазша бала не үшін байды алдады? -Бай өзінің алданғанын қалай білді? Тазша баладан бай қалай құтылды? -Балалар өтірік туралы кім мақал біледі? Тазша бала байды алдағаны кедей әкесінің тілегін орындап еңбегінің қайтарымын алып берді	Балалардың жауаптары Өтірік өрге баспайды. Өтірікшінің сөзіне сенбе. Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам
--------------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Тазша бала туралы түсінік алуды

Түсінеді: Өтірік айту, алдау дұрыс еместігін

Қолданады: Сұраққа толық жауап береді, ертегі мазмұнын өз түсінігімен жеткізеді

Күні:14.04.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Ақымақ қасқыр» ертегісі

Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып беріп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қасиеттерін көре білуге, өз ойларын жеткізе білуге баулу; ертегі арқылы жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу

Көрнекіліктер: суреттер

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы Ұйымдастырушы ізденушілік	-Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер? - Сендерге қандай ертегілер ұнайды? Қазір «Ақымақ қасқыр» ертегісімен танысамыз Ертегіні мәнерлеп оқу Өрісте жайылып жүрген көн қойдың ішінен бір арық саулық қой жалғыз бөлініп қала беріпті. Қалың шидің арасын бір қасқыр шыға келіп, -Е, жерік асым, қайдан жүрсің? Іздегенде мұндай кездестіре алмас едім, бұйырған дәмге сөз жоқ! Енді сені жеймін,- дейді Қой:- Жейтін болсаң, ажалым жеткен екен. Бірақ өзің де мал танығыш едің ғой, қарыны қампиған, бұты тыртыған, аузында бір тісі, іліп алар еті жоқ, тұла бойы шандыр мені қайтесің. Мені босат, қоралы қойға қайтайын, қозымды саған әкеліп тартайын. Жылы-жұмсақты сен жемегенде кім жейді?- дейді «Жылы-жұмсақ» деген сөз Қасқырды қызықтырады. Қойды босатып қоя береді. Қасқыр жұтынып, қойдың бағланын күтеді. Қой да жоқ, бағлан да жоқ. Қасқыр түңіледі. «Қой баласы момын ғой, алдауды білмеуші еді. Сірә, оны ешкі антұрған азғырған шығар. Барып көрейін» - деп жорта жөнеледі. Бір белеске шығып, төңірекке қараса, алдында қызылшаны күртілдеп шайнап бір ешкі жүр екен. Көп қой да, қойшы да алыста. «Іздегенім сен едің!» - деп қасқыр ешкіні бас салады. «Жанымды алып қалуға себеп болар ма екен» деген оймен ешкі мынаны айтады Атаң да анаң да жақсы еді. Қой тұрғанда олар ешкіні жемеуші еді. Мен қарапайым ешкі емеспін, тойда билеп торқа киген ешкімін!—деп судыратады-Ешкі билейді дегенді естіген емеспін. Ондай өнерің болса, көрсет!- дейді қасқыр. Ешкі:--Ендеше көз аудармай аяғыма қара да тұр, мен бір билеп көрсетейін,- дейді де, ешкі олай-бұлай секіріп жалт беріп, қойдың арсына кіріп кетеді. Сол арада қойшы да келіп, ешкі аман құтылады Сергіту сәті: Жарға шығып ойнайды Ойынға бір тоймайды Болса дағы сақалы, Секендеуді қоймайды -Ертегі қалай аталады? Қой мен қасқырдың айырмашылығын кім атайды? -Ертегіде қасқыр қандай үй жануарына кездесті?	Балалардың жауаптары Балалар ертегімен танысады Қимылмен көрсетеді
Жетекші-жөндеуші		

	-Қасқыр тағы да қандай үй жануарын жолықтырды? -Олар қасқырдан қалай құтылды? -Ертегі неге «Ақымақ қасқыр» деп аталған?	Қой- жуас, момын үй жануары қасқыр- жабайы азулы аң Балалардың жауаптары
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: ертегідегі қасқырдың ақымақтығын, қой мен ешкінің ақылдылығын білуді, жануарларға қамқор болуды

Түсінеді: ертегі кейіпкер дыбыстауын, қимылын көрсете біледі

Қолданады: ертегідегі жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажырата алады

Күні: 21.04.2020ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Арыстан мен тышқан» ертегісі

Мақсаты: Балаларға ертегіні оқып таныстыру арқылы, ойлау қабілеттерін дамыту; ертегінің мазмұнын түсініп, басты кейіпкерлердің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білу, сол түсініктерін кейіпкерлендіру арқылы көрсете білуге дағдыландыру, бір-біріне қамқор болуға, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу

Көрнекіліктер: арыстан мен тышқанның суреттері, түрлі-түсті қарындаштар

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы Ұйымдастырушы ізденушілік	Шаттық шеңбері: Біздің топта ұл-қыздар Тәту--тәтті ойнайды Дос көңілі әрқашан Тек жақсылық ойлайды Жұмбақ Айбарлы түсі бар Қанжардай сұсы бар Күжірейген жалды Білсең айт бұл аңды? Арыстан –азулы аң патшасы Тышқан – кішкентай кеміргіш Арыстан ашуланғанда күркітеген дыбыс шығарады Бүгін қызықты ертегі «Арыстан мен тышқан» деген ертегімен танысамыз Ағаш түбінде ұйықтап жатқан арыстан әлдебір сыбдырдан оянып кетеді. Көзін ашып қараса, дәл тұмсығының алдында бір тышқан тұр екен Тышқанды құйрығынан шап беріп ұстай алады. Тышқанның зәресі ұшып: -Қайырымды ете гөр, тақсыр,-дейді даусы дірілдеп, жалынып, Арыстан : -Ұйқымды неге бұздың?- дейді ызалы арыстан	Бір-біріне жақсы тілектерін білдіреді Арыстан Балалар ертегіні тыңдайды

Жетекші-жөндеуші	күркіреп - дейді –Рақым ет, тақсыр! Тамақ іздеп жүр едім. Жібере гөр, мен де бір кәдеңе жарармын-Түрің мынау, сен не жақсылық жасай аласың. Бойыңа қарап сөйлесеңші! – деп , Арыстан келекелеп күліп алады да, мейірімі түсіп, тышқанды жөніне қоя береді Күндердің күнінде орманға бір мерген келіп, арыстанның ақырған дауысын естиді. –Дауысына қарағанда, мынау арыстанның сирек кездесетін тұқымы секілді. Мұны ұстап алып, хайуанаттар бағына сатып жіберейін,- деп ойлайды аңшы.Көмекке дереу достарын шақырып, арыстан су ішетін суатқа тұзақ құрып қояды. Шөлдеген арыстан өзенге келе жатып, тұзаққа түсіп қалады. Әрі жұлқынып, бері жұлқынып, торға орала береді де, ақыры орнынан қозғала алмай қалады. Әбден шаршап, қалжырайды, қарны ашады.Осылайша дағдарып тұрғанда баяғы тышқан келіп, өткір тісімен тор жіптерін үзе бастайды. Көп уақыт өтпей Арыстанды босатып алады. —« Бір кәдеңе жарармын» дегенде, күліп едіңіз, тақсыр,- депті сонда тышқан,-Сіздің ақырған дауысыңызды естісімен-ақ көмекке жүгіріп келдім.Екі сөйлемейтініме көзіңіз жеткен шығар енді. Арыстан қатты ұялған екен Сергіту сәті Орманға біз барамыз, Ағаштарды аралап, Арыстан болып ақырып, Тышқанша біз жүреміз -Арыстан нені ұстап алды? -Тышқан не деді? -Арыстан тышқанды неге мазақтады? -Тышқан арыстанға қалай көмектесті? -Тышқан арыстанды не деп ұялтты? -Тышқанның тапқырлығы туралы өз ойларыңды білдіріп көріңдерші?	Бірге айтып, қимылмен көрсетеді Балалардың жауаптары
--------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: балалар ертегі арқылы бір-біріне көмек беруді, тату болуды;

Түсінеді; арыстанның тышқанды менсінбегені дұрыс еместігін ; қиындық түскенде көмек беруді;

Қолданады: ертегі желісі бойынша рөлге біліп ойнайды, дауытарын келтіреді

Күні: 28.04.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: « Ертегілер елінде»

Тақырыбы: «Мақтаншақ бақа» ертегісі

Мақсаты: Ертегі мазмұнын толық білуге үйрету.

Балалардың тілін, ой-қиялын, сөздік қорын дамыту. Достық қарым-қатынасқа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: суреттер

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы Ұйымдастырушы ізденушілік	Жұмбақ: -Қонып алып жарға қарқылдайды..... -Өзі жасыл, әрі батыр, ол не? -Өзі қара, бауыры ақ, ол не? -Шарлап келіп даланы Үйіме үйін салды? «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін оқып таныстыру Қарлығаш жардың қуысына ұя салып, балапан шығарыпты. Анасы азық әкелуге кеткенде, балапандары шыдамсыздана күтумен болады екен. Бір күні қарлығаштың ұясына жылан өрмелеп бара жатады. Мұны көрген қарлығаш шыр-шыр етіп, балапандарына арашашы іздейді. Ұшып көкекке барады. Қарлығаш: «Көкек, маған көмек бере гөр, балапандарымды жылан жейін деп жатыр!» – дейді. - Бүркіт қонаққа шақырып еді, уақытым жоқ, – дейді көкек. Қарлығаш ұшып қарғаға келеді. – Қарғажан, маған көмек бере гөр. Балапандарымды жылан жегелі жатыр, – дейді жылап тұрып.- Қарға қарлығашқа бұрылып қарамастан: Мен үйленейін деп жатырмын, мазамды алма! – дейді маңғазданып. Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келеді. Қарлығашқа дәуіт .- Улы жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп барады. -Олай болса, мені тезірек жеткіз, - дейді дәуіт. Қарлығаш қанатын тосады. Қарлығаш пен дәуіт көзді ашып-жұмғанша ұяға жетеді. Дәуіт ұяға жетіп қалған жыланға тап береді. Жылан сылқ етіп жерге құлап түседі. Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болады. Содан бері талай заман өтсе де, қарлығаш пен дәуіт бір ұяда тұрып, бірге өмір сүретін болған екен. -Қарлығаштың ұясы қайда орналасқан? - Жылан не үшін келді? -Қарлығаш қандай құсты көмекке шақырды? -Көкек не деді? - Қарға ше? -Дәуіт не істеді? Қарлығаш пен дәуіттің достығы қандай болды? Сергіту сәті Қане,	Қарға дәуіт қарлығаш қарлығаш Ертегіні тыңдайды Жардың басына Балапандарын жеу үшін көкекке .қарға

Жетекші-жөндеуші	қанат қағайық, қарлығаш боп ұшайық Ұшып-ұшып алайық, орнымызға қонайық Қарлығаш боп ұшайық, торғай болып қонайық Сауысқан боп секіріп, тоқылдақ боп шоқиық Дидактикалық ойын: «Ұшты-ұшты» ойыны Ойын шарты: Ұшатын затты айтқанда қол көтеру керек Тыйым сөздерді айт? Кім құстар туралы таупақ біледі? Кезек-кезек шөп әкеліп, Ұлпа жүнді көп әкеліп Таңдап алып қия жарды Қарлығаштар ұя салды Қарға , қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар Боран соқса қар болар Бұтаға қонар қарғалар -Қарлығаш- адамға дос - Дәуіт – адал, достарына көмектеседі –Қиындықта достарына көмектесу керек Құстар -біздің досымыз құстар ағаш түбіндегі құрт – құмырсқалармен қоректенеді Сондықтанда құстарға қамқор болайық !	Ойын шартын орындайды Құстың ұясын бұзба Құстың балапанына тиіспе! Құсқа тас лақтырма! Құстардың жұмртқасын жарма Балалар қайталайды
--------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже

Жанғыртады: Құстарға қамқор болуды, бір-біріне мейірімді болуды;

Түсінеді: құстар туралы тақпақтар біледі;

Қолданады: құстарға қамқор болуды, құстар туралы тыйым сөздерді біледі

Күні: 05.05.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Жақсылық пен жамандық» ертегісі

Мақсаты: Жақсы мен жаман әдет-қылықтарды ажыратады, адамгершілікке, жаман әдеттерден аулақ болуға үйренеді Балалардың ой-өрісін кеңейту, тіл байлығын молайту

Көрнекілік: Аңдар бейнеленген бас киім. Ұлттық киімдер.

Сөздік жұмыс: Қасиетті күн. Адыраспан, аластау, мейірбан, жақсылық, жамандық.

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Тілек шеңбері: Шақырамын сендерді Балаларым кел бері	Балалар: Достарымның барлығын

Ұйымдастырушы-ізденушілік	Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді Балалар біз қандай елде тұрамыз? -Қазақстан елі немен танымал? Кең байтақ жерімен, қонақ жайлысымен, дәстүрлерімен. Мақтаншақ, жақсылық, достық туралы қандай ертегілер білесіңдер? Жақсылық жамандық туралы қандай мақал білеміз, білмесек үйренейік Ендеше, «Жақсылық пен жамандық» туралы ертегісін. тыңдандар Бұрынғы өткен заманда Жақсылық, Жамандық атты екі адам болыпты. Бір күні Жамандық жаяу жүріп келе жатса, артынан бір атты кісі жетіпті. Екеуі жөн сұрасып, қайда бара жатқанын білісіпті. Ол келген Жақсылық екен. Сонда Жамандық тұрып: – Жақсылық, сен мені артыңа мінгестіре кетші, – депті. Жақсылық: – Олай болса, сен қазір мына атқа мін де, біраз жер жүріп барып, түсіп, атыңды байла да, өзің жаяу кете бер. Содан соң мен жетіп, атпен біраз жерге жүріп, саған тағы байлап кетермін. Сөйтіп, баратын жерімізге кезек мініп жетейік. Екеуіміз мінгессек, атқа қиын соғар, – депті. Содан соң Жамандық атқа мініп алып, сол кеткеннен Жақсылықты есіне алмастан, кете беріпті. Жақсылық шаршап, арып-ашып, кешке жақын бір күркеге келеді. Ішіне кірсе, жан жоқ. Бірақ ортада бір үлкен қазан асулы тұр екен. «Айдалада қайнап тұрған не қылған тамақ? Дәм татайын», – деп, (бір саусағының ұшын батырып, дәм татады да, күрке төбесіне шығып жатады. Бір уақытта қасқыр, түлкі, арыстан – үшеуі келіп, күркеге кіріпті. Түлкі тамақты көре сала: – Ойбай, мына тамақтан біреу жепті! – деп, байбалам салады. Қасқыр мен арыстан екеуі: – Кім жеуші еді? Адам келетін жер ме, бұл жер? – деп кейіген соң, түлкі сөзді доғарып, үшеуі отырып тамақ ішіп, әңгімеге кіріседі. Арыстан, қасқыр, түлкі – үшеуі көрген-білгендерін айтысады. Арыстан мен қасқыр түлкіге:	Сыйлап жақсы көремін Алақаным арқылы Жылуымды беремін Балалардың жауаптары Түлкі мен тырна, Алдар Көсе, Қуырмаш, Кемпіркосақ 1.-Жақсы туса ел ырысы. Жаңбыр жауса жер ырысы. 2.-Жақсы болса алғаның. Үйіңнен кісі кетпейді. 3-Жақсыдан үйрен. Жаманнан жирен Балалар тыңдайды
---	--	--

– Түлкі, сен не көрдің, не естіп, не білдің? – дейді. Сонда түлкі тұрып:

– Мен бір жерден бір алтын көрдім. Пәлен деген байдың қыстауының қасындағы жаман қыстаудың ортасында, бір сүйем жердің астында жатқан бір құмыра алтынды күнде қарауылдап, қарап келемін, – дейді.

Сонда қасқыр тұрып:

Мен күнде пәлен деген байдың қойының арасында үлкен ала тоқтыны қарауылдап келемін. Себебі: ол байдың ауырып жатқан бойжеткен қызы бар, қандай ем қылса да жазылмайды және оның емін ешкім білмейді. Бірақ мен білемін: ол қызды жазатын ала тоқты. Ала тоқтыны сойып, өкпесін жегізсе, жазылады. Тағы да ол бай жар салған: «Кімде-кім осы қызымды емдеп жазса, соған осы қызымды беремін», – деп. Бірақ оның емін әлі ешкім тауып айтқан жоқ, тауып айта алмайды да, – дейді. Кезек келген соң, арыстан тұрып:

– Мен де түнде барып, түген байдың жылқысының біреуін жеп келіп жүрмін. Ол бай мені еш уақытта ұстай алмайды және маған оның ешбір жылқысы қуып жете алмайды. Жететін бір-ақ тайы бар. Ол тай – пәлен тоғайдағы жылқының ішінде. Сол тайдан басқасынан мен құтылып кетемін және ол байдың жар салғаны бар:

«Кімде-кім менің жылқымды жеп жүрген арыстанды ұстап берсе, соған бір үйір жылқымды беремін», – деп. Олар әңгімелерін аяқтап, ұйықтап қалады да, таңнан тұрып, бет-бетіне кетеді. Жақсылық олардың барлық әңгімелерін естіп алып, адам емдеуші боп, байдікіне келеді.

Бай оның түріне қарап: «Осы емші шығар», – деп ойлап:

– Жоғары шық! – дейді. Жақсылық отырған соң, бай: – Қызыма бал ашып бер! – дейді. Жақсылық: «Мақұл», – дейді де, қызды қарап:

– Баланы емдетпей, босқа қинапсыңдар ғой! Әкел анау үлкен ала тоқтыны. Мұның ауруы соның өкпесінде, – дейді. Бай дереу, қойшыларды жіберіп, тоқтыны алдыртады. Жақсылық қызға тоқтының өкпесін жегізіп, емдейді. Жазылған соң, қызды өзі алады. Бұдан кейін Жақсылық бағанағы жаман қыстауға келеді. Қораның ортасын бір сүйемдей қазса, бір құмыра алтын шығады. Оны алып, арыстанның айтқан жеріне барады.

Барса, бай бір арыстанды ұстай алмай жүр екен. Мұны білген соң Жақсылық байға:

– Мен сол арыстанды ұстап берсем, сен маған не бересің? – дейді.

Бай: – Егер ұстап берсең, саған бір үйір жылқы беремін, – дейді. Жақсылық:

Жетекші-жөндеуші	«Жарар», – деп, тоғайдағы жылқылардың ішінен ала тайды ұстап алып, арыстанды күтіп тұрады. Арыстан келіп, жылқыны алып қаша бергенде, Жақсылық әлгі ала таймен қуып жетіп, арыстанды ұрып жығып, байдың бір үйір жылқысын алып, келген жолына түседі. Неше ай, неше жылдар өткенде, бір күні бұған Жамандық келіпті. Жақсылық Жамандыққа қараса, үсті-басында түк жоқ, қайыршы, дуана секілді екен. Ол Жақсылықты көріп: – Жақсылықжан! Мен саған жамандық қыламын деп, мұндай күйге ұшырадым. Енді сен мені адам қыл. Сен бұл мал-мүліктерді қай жақтан таптың? – дейді. Сонда Жақсылық: – Не де болса, адамзатсың ғой! Сен жамандық істегенмен, мен саған жақсылық істейін, – деп, өзінің бастан кешкен оқиғасын айтыпты. Содан соң тұрып: – Пәлен төбеде бір үй бар. Сен қазір соған жет. Оның ішінде асулы бір қазан ет бар. Бірақ оның ішіндегі еттен тек бір саусағыңды батырып, дәмін көр де үйдің төбесіне шығып жат. Сонда түлкі, қасқыр, арыстан келеді. Сен олардың әңгімесін тыңдай бер. Олар кеткеннен кейін естіген сөздерінді істесең, сен осындай боласың, – дейді. Жамандық: «Жарайды,» – дейді де, баяғы күркеге барып кіреді. Жақсылық айтқандай, қазан толы ет асулы тұр екен, қызығып кетіп, шыдай алмай: «Мына бір жілігін жейінші» – деп, еттен жеп, сорпасынан да, бес-алты рет ұрттап алыпты. Сөйтіпті де, үйдің төбесіне шығып жатыпты. Бір уақытта түлкі, арыстан, қасқыр – үшеуі күркеге кіреді. Түлкі тамақты көре сала: – Ойбай, мына еттің тоқпан жілігі жоқ, омыртқасы жоқ, сорпасы жоқ, біреу жепті! – дейді. Оған арыстан мен қасқыр: – Кім жеуші еді? Бұл жерге адам келуші ме еді? – деп көнбейді. – Жоқ! Бір пәле бар! Мен түс көрейінші, – деп, түлкі жата қалыпты да, аздан соңқайта тұрып: – Осы күрке үстіне шығайықшы, сонда бір пәле бар секілді, – депті. Бұл сөзін қасқыр мен арыстан да мақұл көріп, түлкі төбеге шықса, Жамандық жатыр екен. Үшеуі Жамандықты бас салып жеп қойыпты. Сөйтіп, Жақсылық жақсылығынан өмір сүріп, мұрат-мақсатына жетіпті. Жамандық жамандығынан ит-құсқа жем болыпты 1. Балалар, еске түсірейікші ертегі қалай аталады? 2. Ертегідегі кейіпкерлердің қандай қасиеті бар? 3. Ертегі кейіпкерлері кім?	Жақсылық пен жамандық жақсы мен жаман қасиеті бар.
--------------------------------	---	--

	4. Жақсы адамға қандай қасиет тән? 5. Жаман адамға қандай қасиет тән? 6. Ертегіде не жеңді? -Жарайсыңдар балалар, көрдіңдер ме жақсы адамның бойында көптеген қасиеттер бар. Жақсы адам болу үшін біз үлкен кісілерден көп біліп үйренуіміз керек. 1. Балалар біз жақсы адам болып өсу үшін бойымызда қандай қасиет болуі тиіс? 2. Жұма қасиетті күн деп аталады, бұл апаларымыз не пісіреді? 3. Шелпек пісірген майдың иісі неден сақтайды? -Балалар қазақ халқымызда тағы да өте жақсы дәстүр бар. Бұл дәстүр жамандықтан сақтайды. Бұл адыраспанмен «Аластау» сөзін айту Алас-алас жамандықтан алас. Алас-алас тіл көзден алас. Алас-алас барлық пәледен алас. Алас-алас жамандықтан алас. Адыраспаның иісі жамандықтың бәрін қуып жібереді. Жамандық бізден алыс жүретін болады - Балалар сендер білесіңдер ме киелі жеті сан туралы? Енді балалар бәріміз тату, жақсы адам болып өсейік. Ал жақсы істеріміз үшін үлкен кісілерден бата алуға тырысайық. Дастарханнан дәм кетпесін Көңіліңнен сән кетпесін Ұрпақ ұлыс, ел аман бол, Өміріңнен мән кетпесін	- Жақсы адам мен жаман адам, арыстан, түлкі, қасқыр, бай қыз. -Ақылды, жақсы, сабырлы, мықты. -өтірік айтатын,, мақтаншақ, сарандық. -Жақсылық. -Жақсылық, сүіспеншілік, адамгершілік. - Бұл күні ұрыспау керек, мешітке барып садаққа беруіміз керек, шелпек пісіру керек, мейірбан болу керек. -Жамандықтан. Жеті қазына. -Жеті керемет. -Жеті ата. -Жеті жұт. -Аптада жеті күн -Әумин!
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: Жақсы мен жаман әдет-қылықтарды ажыратуды ;

Түсінеді: жаман әдеттерден аулақ болуды

Қолданады: Қазақ халқына тән қасиеттерді біледі, өз ойын жеткізіп айтады

Күні:12.05.2022ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» ертегісі

Мақсаты: Айтылған ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағына келтіре отырып, дұрыс айтуға жаттықтыру. Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту. Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеуге үйрету.

Қолданылатын көрнекіліктер: түлкі, тырна, ертегі желісі бойынша суреттер.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Балалар ертегілер әлеміне ұшатын кілеммен келеді. Жұмбақ жасыру До « Кім тапқыр» Мақсаты: Балалардың жылдамдығын тапқырлығын анықтау, ой-өрісін дамыту. Өзі ку, жүрген жері айғай да шу. Ол не ? (Түлкі) Жұмбақтың жауабы шешілген кезде сиқырлы сандықтан кітапты алып шығады Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін мәнерлеп оқып береді. - Ертегі қалай аталады? - Ертегі қандай сөздермен басталады? - Тырна не деп айтты? - Ал түлкі қалай жауып береді? - Тырна құтылатын қандай амал табады? -Ертегі қалай аяқталды? Сергіту сәті: “Түлкі, түлкі түлкішек” Жаңа сөздер: амал-шешім, құтылу-қашып кету, шыбық салыпты- соқты. Балаларға сөздердің мағыналары түсіндіріледі. Дидактикалық ойын: «Әрекетерін ата» Мақсаты: Балаларды суретті қарай отырып істеген әрекеттері бойынша әңгіме құрату. Сурет бойынша әңгіме құрастыру , оларды сипаттау. Түлкі суреті қандай? Тырна суреті қандай? Балалардың жетістігін әңгімелеу	Балалар ертегілер еліне кілеммен ұшатындарына қуанады. Түлкі Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. жетектеуші сұрақтар арқылы ертегіні айтып шығады. сергіу жаттығуларын жасайды. Балалар қайталап айтады. Балалар суретті , қимыл әрекеттері бойынша әңгіме құрайды. Мысалы: Түлкі жүгіріп келе жатыр. Тырна ұшып келеді. Тырна апанға кіреді. Түлкі қу, ақылды, батыл, әдемі, сұлу, түсі сарғыш. Ол орманда, далада өмір сүреді. Тырна ақылды, әдемі, түсі сұр. Балалар риза болады.

Жетекші-жөндеуші	Жан-жағына қарады Шынықтырып денесін Қанаттарын қағады 2. «Кім ойшыл» Шарты: Кез келген ертегіден үзінді оқимын. Сол ертегінің атын тауып, әрі қарай жалғастырып, айту керек... Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет достым! Мына жақтан иттер келе жатыр, оларға хабарыңызды айтыңыз, естісін... 3. «Кім білгір?» Шарты: Ертегі сурет арқылы бейнеленген, сол суреттегі ертегінің атын табу керек әр ертегілерден суреттер қойылады Ертегі ханшайымының дуысы естіледі Рахмет, балалар, кез келген ертгіні танып атап, сол ертегіге қатысты көріністер көрсеттіңіздер, ертегіні жалғастырып, айттыңыздар Менің де сіздерге дайындаған сыйым бар ол «Құйыршық» ертегісін тамашалату -Балалар, біз жыл бойында түрлі ертегілермен таныстық. Жақсылық пен жамандықты ажырата алатын болдық. Сендердің бойларыңан адалдық, әдептілік, жақсылық көрсем менің тілегімнің орындалғаны Қош, сау болыңдар	Әтеш пен тоы ертегісен, оның киімін тоты сұрап алып , қайтармаған Балллар ойнап көрсетеді Ноутбуктан бояулар тауып ұқыпты бояйды Жауабы: «Түлкі мен қырғауыл» Ит дегенді естіген соң, түлкі алды-артына қарамастан қаша жөнелді.. деп ертегіні жалғастырады Ертегі суретіне қарап, қандай ертегі екенін табады Балалар мультфильмді тамашалайды
--------------------------------	--	---

Күтілетін нәтиже:

Жаңғыртады: өткен ертегілердің атын, кейіпкерлерін, іс-әрекеттерін еске түсіруді

Түсінеді: әрбір өткен ертегінің мазмұнын қайталайды

Қолданады: ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтірді, суретті бояды

